

65.9(2)325.1

М 85

Б. Мұстафин

Далам- дәулет ордасы



Б. Мұстафин

Далам- дәulet ордасы

Оңайлық
жаралған
жыныстар
сайын
шынайыл
жыныстар
сайын
шынайыл



Алматы
Қайнар
1985

Мұстафин Бақыт
М 85 Далам — дәулет ордасы. Алматы: Қайнар,
1985, 151-бет.

Солтүстік Қазақстан өнірі астықты аймак. Алтын дәп үшін жорықта жыл сайын алдына жан салмай жүрген сибек мәй-талмандары көптөп саналады. Журналист Бақыт Мұстафин осы адамдардың еселі еңбегін, азаматтық жарқын бейнесін, алмгершілік асыл касиеттерін, жолдастық, достық қарым-қатынастарын, бүкіл тыныс тіршілігін өз очерктеріне арқау еткен. Кітап аудыл шаруашылық қызметкерлеріне, көшілік оқиарман қауымға арналған.

65.9(2)325.1

**М 0802010204—048
403(05)—85 47—85**

**Рецензенті — журналист
М. Қенпейілов.**

Дала таңы

Тың таңы қаңдай сұлу еді. Құп шығыс жақ шым-қай қызыл шұрга боленген.

— Гажап таң емес пе, Юра! — деп осы кездे Владимир Егорович Снегирев қасында отырған баласына қарады. Өзі УАЗ-469 жеңіл машинасының рулін еркін ұстап, шалқайыңқырап отыр. Жүрісі бірқалышты. Совхоз орталығынан шығып ауданға қарай тартыны барады.

— Рес, тамаша пана! — деп баласы да машина мүнегінен жарқырап атып келе жатқап тың таңына қарады.

Арада үнсіздік орнады. Әркім оз ойымен озі отыр. Владимир Егоровичке осыдан жиырма төрт жыл бұрынғы оқиғалар елестеп кеткен еді. Онда ол түн-турға мыпа отырған Юрадай болатып.

* * *

...Совхоз директорының кабинетіне жас жігіт именин кірді. Алыс жолдан келгені жүріс-тұрысынан-ақ аштарылғандай еді. Жан-жагына жалтақтай қарап, сейташыс жаңының жүзінен жылдылық іздегендей жаутаң-жаутаң етеді. Ұзын бойлы, арықша келген. Аяғында көрзі етік, үстінде күпәйке. Меңгіл коктем шолса да мұнысы тың оңірінің табиғатына жұнынылған қылар бір қабат киім гана.

— Жоғарылат балақай. Бас аяғынды,— деп үл-

кеп кабинеттің төрінде отырган кісі мұны асықтыра қабылдады.— Қандай шаруамен келдің?

- Осында еңбек еткім келеді.
- Қазақстанды бірінші көруің гой, сірә?
- Солай еді.
- Баяғы романтика?
- Дәл солай ағай...
- Қай жерден келіп тұрысың?

— Архангельск облысынанмын. Ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумын бітірдім,— деп жас жігіт іркілмей жауап берді.

Директордың жүзі жылы шыраймен:

— Бағанадан сөйдемейсің бе? Тракторшы боласың.

— Боламын.

— Онда жарадың. Кәне, танысып қоялық. Ермаков Алексей Семенович. Алғашқы тың игерушілердің бірімін. Директормын.

— Снегирев Владимир Егорович...

Екеуі қол алғысты. Бір-біріне барлай қарап аз үнсіз қалысты. Сонан соң директор:

— Совхозымыз жаңа салынып жатыр,— деді.— Тың игеру нағыз қызып жатқанда келдің. Жастардың құрыш қолы, жалынды жүргегі керек бұл жерге!

— Жыртылмаған жер жоқ қой өзі. Кең далапың бәрі жыртылыпты,— деді жігіт. Оған директор күлді.

— Оxo дерсің. Айтуың дұрыс, жердің бәрі жыртылды. Ал, енді осы жыртылған жерді игеру керек. Әлі жұмыс көп.

— Ендеше, тапсырмаңызды орындауға әзірмін, Алексей Семенович. Мені де тың игеруші деп есептеңіз...

— Сен өзі тракторға жіберді деп ренжімейсің бе? Бізде әзірге бос орын жоқ. Бригадирлер де, меканиктер де өз орындарында.

— Ренжімеймін. Әуелі еңбекпен көріну керек қой.

— Е, мұның дұрыс...

— Москвандың да бірден салынбағанын білеміз.

— Ой бауырым Владимир Егорович. Шынымды айтайын, алғашында бұл кім өзі деп, тартынып қалып едім. Сөйлесе келе озің ұнап барасың. Енді созбен емес іспен көрсетесің гой озіңді.

— Сепімді ақтауга тырысамып. Тыңға бір күнге келгемін жоқ, осында өмір сүремін, еңбек етемін деп келдім...

Екеуі де бірін-бірі жақсы танығандай, көцілдері тоғысқандай тағы да қол алысып қоштасты. Жігіт манағыдай емес есікке қарай жіті басып, шапшаң адымдаш барады. Директор да соңынан біраз қараң отырды. Ойланып қалды. Сонау солтүстік облыстан, алыс жолдан келген жап-жас жігіттің бір қарағандагы момақан жүзі де, сөйлей келе лапылдаш тұтанып тұрган отты созі де ерекше әсер қалдырса керек. «Снегирев Владимир Егорович» деп ол тағы да бір күбірлеп жігіттің фамилиясын жадында сақтағысы келгендей қайталады...

Снегирев осылай «Восход» совхозына тракторшы болып орналасты. Салт басты, сабау қамшылы дерлік сиді өз тағдырын тың төсімен жалғастырган. Жаңа өмір айдыны ашылды алдынан. Иә, әуеліде арман қуып, алысқа асқаңтаған шалқыма коңілі бірер аптадан кейін шайлығып, жігері жасып қала жаздағаны да бар.

Көктем туда бастаған кез. Қар астан-кестен еріп, үшінші-қызырына көз жетпейтін аппақ адырлардың әртүсі сегіліп, дөңестердің тәбесі тесіліп жатқаш-ды. Коктен шуақ иүр тогіліп, айнала төңіркентең жұмысқа деп есіп тұрды. Володя Снегирев ДТ-54 тракторын пізгіндеп, жұмысқа да кірісіп кеткен. «Ескі трактор бергенге өкпелеп жүрме, тағы да көре жатармыз» деп, бөлімше басқарушысы арқасынан қағып қойды. Володя тіпті де сыр ашқан жоқ. Разылық та, реніште айтпады. Өзіне тиғен тракторды үн-тұнсіз енши-

лен, іске кірісіп те кетті. Барыпша баптап, күтіп иүргізуге тырысты.

Тың оміріне бойы үйреніп, көділі орнығып келе жатты. Сондай күндердің бірінде Снегиревті аудан орталығынан жұк әкелуге жіберді. Тракторына буддашты шана тіркеп алғып, аласапырап лайсаңды тілін отырып жұз кілометр жердегі аудан орталығы Марьевка селосына тартып кетті. Жаңас мекемпазаторға алғашқы сый осы болған. Барада қасына сапарлас серіктер ілесіп, онша қызындық көрмеп еді. Қыс корпесіне оранған міндаі дала жопып жосылта тілгеш бір із гана жатыр. Жол осы. Ешқайда бұрылмай, адаспай жетері анық. Трактор шанаңына мінген жолаушылар аудан орталығына бірге жетіп, одан әрі колденец өткендерге қол көтеріп ұлкен қалаға тартпақ. Келер жол онша зеріктірмей тез өткен. Ал қайтар беттің қызыншылығып жалғыз кешуге тұра келді.

Аудан орталығына қонып таңертец тұрғанда алайдүләй боран бұрқап тұрғанын бір-ақ көрді.

— Бұл енді бір аңтаға созылады,— деді қонғаң үйдің иесі терезені тұмшалаған боранды меңзеп.

— Не дейді?

Володя шошып кетті.

— Қыстың қоштасуы ғой. Соғы сарқындысы емес пе. Қыс пен көктем есеп айырысып жатыр. Бір апта немесе екі-үш күн осылай бұлқан-талқан болып тұрады да күн шайдай ашылады. Корерсің әлі.

— Жол қайтер екен?— деді Володя озінің қайтар сапарып ойлап. Болімше басқарушысы екі күнде оралуды тапсырган.

— Жолды боран басып қалды ғой. Тұқ көрінбей тұрған жоқ па.

— Трактор батпайтын шығар?

— Бата қоймас, бірақ адасасың.

— Бір-ақ жол емес пе?

— Ол жолды таба алсаң.

— Із бар шығар. Біздің Архангельск облысында бұдан да көремет борандар болатын.

— Қай Архангельск?

— Солтүстіктері Архангельск облысын айтамын. Мен сол жақтан келдім.

— Ә..ә..ә.. Ендеше өзің білесің. Суыққа үйренген бала екенсің гой. Әйтеуір жақын маңда ел жоқ.

— Ашылдып келе жатқан спияқты өзі,— деп желдің бір сәт ішін тартқан үшіне құлақ тосты.— Ашылатып түрі бар...

Жастық шақта адамың лапылдан тұратын әдсті емес пе. Ақ түтек құшағына оранған мәдіреу далага ұзақ қадалып, Володя біраз толқып тұрды. Тракторының тоқтамайтынына сенімді спияқты. Жапармай жететіп. Бораның ашылудын тосып уақытты бос откізгісі келмеді. Алғашқы тапсырманы кешіктіруі қолайсыз корінді. Не болса да тәуекелге бел байлан, тартып кетуге бекіпді. «Жетермін бірдеме қылып. Із бар гой, адасиасын»,— деп өзін-озі қамишылап боранды қалапың құшағына сіңіп жонелгеген.

Боран да ерегіскеңдей үдей түсті. Аудан орталығынан ұзаган соң бес-алты сағат откенде барып Володя адасқанын аңғарды. Алғашында жол сорабы болар-болмастай ғана белгі беріп жатыр еді. Бара-бара ол да жым-жылас жоғалды. Кабинаның әйнегін қапша тазаласа да қар кептеп, боран үйіріп сога берді. Багдардан айырылғанын білгеп соң, ол жобалап тұра тартудан жақылмады. Оп бес-жынырма километрдің шамасында бір ауылдың бар екенин біледі. Сол межеге жетіп маңдай тіреуді ойладап келеді. Володя алғаш бетіпен айнымай ілгері тарта берді. Трактор тоқтап, айдалада сыйып қалмаса екен. Ендігі тілегі осы. Жапармай да біразға жететін спияқты. Трактор әйтеуір бір сарынмен гүжілдеп тоқтамай келеді.

Володя сағатына қарағанда барып күн кешке айналып бара жатқанып білді. Төрттен асып кетіпті. Олі алдынан ел белгісі болар бұлдырып кездескен жоқ.

Аншал ақ түсек. Малақайдың құтапын тас қылыш
билип алға. Үстіңдегі қалың пальтосы да жұқарып
кеткендей. Тракторды тоқтатып кабина есігін ашты
да шынықыр табандардың үстіндес тұрып жаң-жагына
көз салды. Ештеде шалынатын емес. Жерге түсіп
алдыңғы жақты шолып қайтқысы келіп тұрды да ба-
тылы жетпеді. Қорықты. «Адасып кетіп тракторым-
ды таба алмай қалармын» деп тартынды.

Түн ортасы кезінде барып трактор қалың оппаға
тұмсық тіреп тоқтады. Маңдайдағы қос жарық еште-
мені айырып көрсете алмады. Ол тракторынан түсіп
ілгері жүріп еді, озі тізеден қарға кіріп кетті. Мал-
тығып барып жарықтың дәл түбіне жетті. Жаланған
жел жапалақ қарды бетке ұрып көзді аштырмайды.
Қолын маңдайына апарып бетін қалқалайды. Кірпік-
терін үқалап, алдына ұңіледі. Білік күртіктің астын-
да талдан тоқылған шарбак, қазықтар көзге шалы-
нады. Жігіттің іші жылып жүре берді. Әйтеуір бір
мекенге жеткеніне қуанды.

Әлгі шарбақты қуалай жүріп әуелі қора-қопсыны,
сонан соң үйді тапты. Терезсі тықылдатып еді, аз-
дан соң үлкен қақпа да ашыла бастады.

— Мына жеті түнде жанын жалдаған кімсің
өзің? Кір кәне! — деп бір шал айғай салды-ай кеп.
Әуелгі де ұрсып жатыр екен деп ұқсан еді. Артынан
барып түсінді, бұл кісіпің айғайлап сейлеу әдеті
екен.

— Эй, кір деймін!

— Кірдім гой.

— Кірсең есігінді жап. Эй өзің орыспысың? Ма-
ған шүршіт болсаң ла бәрібір. Давай төрлет!

— Бораннаш адасып кеттім,— деп Володя шал-
ды мазалағанына ыңғайсыздық танытып еді.

— Эй, өзің не сейлеп тұрсың! Мен невеста емес-
пін. Давай үйге кір. Бізге күн кел, түн кел төріміз
дайын. Сен өзің бұл жердің орысы смессің гой, сірә.
Қайдаш келдің? Целепшиксің гой, ә? Целишишк, да?

- Иә, тың игерушімін.
- Қайдансың?
- Архангельск облысынан.

— Э, онда нағыз қонақ сен екенсің. Қазір мен күнегейін, тракторыңа бірге барамыз,— деді де қарт асығыс құпісін кие бастаған еді.

Сол боранды түн Володя Снегиревтің жадында ұмытылмастай жатталып қалыпты. Шал екеуі тракторды дәл қақпаның алдына әкеліп тоқтатты. Үйге кіріп шешініп жайланаған соң, тракторшы жігіт дорбашаны ақтарып көкаяз болып қатқан нанын, шошқа етін алып, тамақтануға ыңғайланған. Шал «таста» дегендег қолын көтеріп баж ете түсті.

— Қазақтың үйіне кірген соң сен қонақ деп есептесің. Біздің заң солай. Аңдағыларыңды салып қой. Осы үйдің асын ішесің. Жоғары шық.

- Мен қонсам болды.
- Сөзді қой...

Володя қысылып қымтырылып торғе шықты. Дастанқан жайылды. Бір табақ ет әкелінді. Жылы үйге кіріп, жылы ықыласқа тап болған соң тұла бойы балбырап ұйықтап кетті. Кейін ол бұл оқиғаны жолдастарына жыр қылып айтып жүрді.

Сейтіп ол бір сыннан сүрінбей өтіп еді-ау. Ол ешқайда кетуді ойламады. Тың даланы сүйе бастағанын сезді. Аудан орталығына тағы бір жол тұсуін, өзінің таныс шалына тағы да соғуды ойладап жүрді. Қектемгі егісті тағатсыз тосты...

— Папа, сол кезде тракторда жүргенде алда қандай арманың болды,— деді баласы.

— Әрине, алдымен, ең озат тракторшы болсам деп ойладым. Әркім солай ойламай ма? Жұмыс істеғен соң үздік көрінуді армандаиды гой жас көзіл,— деп әкесі жымылып қойды.

— Озат тракторшы болдыңыз. Бір арманыңызға жеттіңіз. Одан соң?

Баласы әкесінің жүзінен коз алмай әңгімеге тарт-

қысы келе берді. Мұның да жас жүргегі бір кездегі әке арманындағы алға ұмтылатын шығар. Жанарында ұшқын жалтылдағ, ұшқыр қиял шіркін алыс қияларда қанат қағып жүрген сияқты. Баласының осы толғанысты жайын жіті ацғарған Владимир Егорович те әр сөзіне ерекше салмақ сала үш қатады. Ол озінің омірдегі әр қадамын соңшалықты терең ойлап барып жасағаның қасындағы жеткішегіне барынша үқтырығысы келеді.

— Одан соң бригадир комекшісіне жоғарылатылдым.

— Одан соң, папа?

— Одан соң бригадир болдым.

— Одан соң, папа? — деп баласының көзі оттай жайнап әкесінің өмір жолына разы райын жеткізгендей болды.

— Владимир Егорович те бұл әңгіменің ұлы үшін омірлік мәні боларын кокірек түкпіріндегі жан толқынымен сезгендей сабырлы қалпынан өзгермеді.

— Одан соң механик болдым.

— Баспалдақпен көтерілген спиқты, паша, бірте-бірте жоғарылапсың.

— Білімшің шама-шарқы солай болды гой. Қазір білімсіз ешқайда бара алмайсың.

— Одан соң, папа?

— Одан соң «Восход» сохвоздымен коршілес Дзержинский атындағы совхозда бас инженер болдым. Өзің білесің гой, Омбы ауыл шаруашылық институтын сырттай оқып бітірдім.

— Одан соң тағы да?

— Одан соң дейсің бе? — деп, Владимир Егорович ойланған түсті. — Одан соң өзімізге коршілес Тимирязев атындағы совхозға партком секретары болып сайланымын.

— Одан соң?

— Одан соң міне, тогыз жылдан бері осы Мичурин атындағы совхозда директормын.

- Тыңдагы қызметтердің біразын көрген екенсің, папа.
- Осылай көрген дұрыс па деп ойлаймын.
- Біздің мұғалім шығарма жаза қалсаң еркін тақырыпты тапда дейтін.
- Неге?
- Кешегі тракторшыдан бүгін өвхоз дректо-рыпа дейін котерілген әкеңнің омір жолып жаз дейді.
- Сен қай тақырыпты жаздың?
- Еркін тақырыпты. Тың туралы жаздым.
- О, әкең туралы жазған екенсің ғой. Солай ма?
- Эрине, жаздым папа.
- Қызық екеп. Қалай жаздың екенсің, ә?
- Беске жаздым.
- Оныңа қуанамын. Бірақ сол бүгінгі тыңшың қуатын қашалықты білесің дегенім ғой.
- Өзімше жаздым. Білгешімді жаздым.

Әкесі де, баласы да ойланып қалды. Екеуі де машинаның терезесінен кең далапы еркін билеп бара жатқан тың тацыша тамашалай қарайды. Әке ойында от тұтапады: «Далапың таңын тамсана сүйген адамлың жүрегіпде... Иә, оның жүрегінде осы дала-ны да сүйген сезім болуы тиіс. Даланың таңына ынтыққап қоңіл далапың тұтас табиғатына құштарлық-пен қызығары анық. Осы балам, мен білсем, дала перзенті болар түбі. Дала төсінде туып, дала топырағында тәй-тәй басты, даланың желі тербетті, жаңбырына шомылды, ғұлін құшты, жұпарын сімірді. Қазір жас қоңіл алыс қияларды аңсайтын шыгар. Корсін. Бетін қақпайын. Өзі оралады тұғырыпа. Оныңны қласты бітірген соң теңізшілер училищесіне барамын деп отыр ғой. Барып корсін. Бәрі бір мына дата, үлан дала жүрегін қызықтырмай қоймайды. Дәп лариясын айтсаңшы бәрінеп де. Дәл мұпдаидай телегей төңіз егін еш жерде жоқ шыгар сіро. Иә, пә... Осы теңіз тағдыры озіңе қарап тұрганда бұл жер кін-дік кескеп алтып бесігің спиқты болып кетеді-ау.

Ширек ғасыр. Иә, жиырма бес жыл да болған екен тыңға тамыр байлағаным. Мына алтын топырақтың буы қаныма да, жаныма да сіңіп кетті ғой. Дала таңын айтсаңды мына...»

Баласы да арман қапатында: «Теңіздің көңжал толқынып жарып алыс айдындарға самғап тартса. Теңізді де көру керек. Папамдарды дән теңізінен айыру қыны. Бұлар дән сеуіп, егін есіргеннен артық бақыт жоқ деп біледі. Мүмкін ол да дұрыс шыгар. Дұрыс қой. Дала таңы да романтика. Эйтсе де теңіз төсі бәрінен де ғажап. Мен үшін солай сияқты. Көрейін. Облыс орталығына барып әскерпі комиссариат-қа кіреін. Сөйлесейін. Теңізші болсам...»

— Шығарманы беске жаздың, ә? — деп әкесі қайталаپ сұрады. Ол бұл сұрақты басқа бір ойды қозғау үшін әншейін қайталаған еді. Баласы да оны жақсы түсініп, ақырынғана үн қатты.

— Мұғалім бес қойды. Мақтады.

— Егер бір жыл жұмыс істеп корсөң сен ешқайда кетпес едің.

— Папа, сонда мені үйде ұстайсың ба?

— Қасымда болсаң.

— Мен теңізші боламын папа. Ол менің арманым.

Владимир Егорович Снегирев үнсіз қалды. Алдында темір жол бойымен үзын состав зулап барады, одан әрі Сулы әлеваторының алып тұлғасы бой керсетеді. Осының бәрі кешегі құлазыған дала төсіне бертінде қанат жайған жақсылықтар емес пе. Ол тегіс жолмен зулаған «УАЗ-дың» артқы әйнегіне бұрылып, өзінің совхозына бір көз салып қойды. Қарауытқан орман құшағында агараптап үйлер тізілген. Жапанды орнаған жасыл орман да осы тың игерушілердің қолымен бой түзеген. Оның жүрегінде өз шаруашылығының бүгінгі оміріне деген мақтаныш оты маздайды...

— Қайда дейсіз? Қалаға ма? Қандай шаруа? — деп Владимир Егорович телефон трубкасын сығымдағ ұстап салмақты үнемен жауап қатты. — Болмайтын шығар. 15 майдан бастап бірінші июньге дейіп ешкім ешқайда босатылмайды. Тығыз шаруалар да тоса тұрғаны жақсы. Біз үшін тұқым себуді тез аяқтаудан тығыз шаруа жоқ, солай болсын. Енді қайтып мазаламаған дұрыс. Мениң де уақытым жоқ. Өзіңіз де текке мазаланбаңыз. Егіс бітсін. Содан соң қайда сұрансаңыз да еркіңіз. Ақылдасамыз да босатамыз. Біз де адамбыз. Жағдайыңызды түсеміз. Дұрыс. Түсінгеніңіз оте жақсы.

Директор Снегирев телефон трубкасын тұғырына қойды да, қасында отырган совхоз парткомының секретары Аманжол Сейітұлы Нұртаевқа қарады.

— Бұйрық жазылған жоқ па еді?

— Жазылған, жұрттың бері білуі тиіс,— деді Нұртаев.

— Қоктемгі егіс кезіндегі әркімнің міндеті қатаң ескертіліп, жұмыс уақыты, демалыс сағатына дейін көрсетіліп бұйрық жазылған еді гой. Корректі жерлерге ілу керек еді. Әлгі кісі бір күнге қалаға баруға рұқсат сұрайды.

— Кім ол?

— Асханадан. Аспаздардың бірі.

— Ә... ана жаңа келген біреуі бар-ды. Сол гой.

— Сол. Бір күнге сұранады.

— Жаңа келген адам гой. Біздің тәртіпті білмейтін шығар. Өзіміздің тұрғылықты адамдардың бірі де қоктемгі егіс пен орақта бір күнге де сұранып көрген емес. Олар тәртіпті жақсы біледі...

Тың діңандары үшін 15 май шыныпда да срекше күн. Соңғы жылдары, дәл осы күннен кешікпей немесе ертелемей тұра тұқым себуді жаппай бастап кететін әдет ғылыми негізделіп, тәжірибеде тияпақта-

лып берік қалыптасқап болатып. Оп бірінші бесжылдықтың екінші; үшінші жылның коктемі де, міне, сол ыргактаң жаңылтап жоқ.

Коктемгі дала тапы көк мұнар шымылдығын серніп, көкжектең күп козінің алтын кірпіктері қадалып келе жатқапда соғыздың орталық қопысынан шұбап шыққап машиналар керуені жатпақ жазықты бетке алған еді.

Үлкен жолдан бұрылып далаңың сүрлеуіне түскепде олардың аралары бір-біріне жақыпдаған, шоқтала шогырлапты. Алдында автоклуб. Оның сән-салтапаты озгеше, қызылды-жасылды әсемдеген транспоранттар алыстан коз тартады. Шеру ортасында мектеп оқушылары мінген автобус. Мойныңдарына қызыл галстук байлан, сәнді киінген балғындардың жүздері бал-бұл жаңады. Қолдарында гүл шоқтары. Коктем бәйшешектері. Одан кейіп техникалық комек машинасы, болімше басқарушысы, бригадирдің жеңіл машиналары келеді. Бұлар бүгін дәп себудің басталуын салтапатпен атап отуғе дабылдатып бара жатыр еді.

Әпе қара мақпалдай теп-тегіс тапаптың басында алты агрегат тізіліп тұр. Алда — «Кировец» тракторлары. Соңдарында — тұқым себетіп сеялкалары. Олардың қасыпта тұқым тпейтіп машиналар. Директор да, парторг та, бас атропом да осында. Мына агрегаттарға да кілец сенімді механизаторлар, пәнз тың тарланлары іріктелген екеп. Аудаптық газеттің тілшісі де фотоаппараттарын асынып механизаторлардың маңында жүгіріп жүр.

Машиналар керуені тапап басына тоқтай қалды. Бәрі асығыс. Диқаплардың қымбат уақытын бос ке-тірмеуге тырысқандай асыға ұмтылысады. Тез арада салтапат рәсімі де басталып кетті. Пионерлер гүл шоқтарын ұсыпды.

Директор Спегирев әр механизатордың қолын қысып тұрып:

— Бір жарым-екі порма орындаламай мотор үпі шилдейтін болсын! — дейді.

— Құп болады.

— Тың шгерушінің сезі берік.

— Дағдылы ісіміз емес пе! — деседі олар.

Агрегаттар орындарынан қозгалып, даланы еңбек дүбіріше болеп тартты. Нарттай жағынан күн көтеріліп келеді. Аспан ашық. Қөгілдір пілі мөлдірей туғыниті. Диқаплар ушін нағыз қолайлы болар қалып байқалады. Снегирев иен Нұртаевтың да көпілдері жағыраңқы. Егістің алғашқы құпінен осылай екпіндең басталғаны көкіректерінде қуаныш отын тұтатып етеді. Екеуді танапты біраз аралап жүрді де, мақшалдай жұп-жұмсақ қара топырақты уыстаған алып алақандарына екшеп көрді. Топырақтың түйіршіктегі де біркелкі, әбден бабына келіп буың бұрқырап тұрган тәрізді, жып-жылы, мап-майды, қап-қара. Осы бір шокімің өзі-ақ тың топырағының құнтар қуаты қапшалық қарпулы екепші аңғартқандай еді.

— Топырақ жылы екен, — деді директор.

— Топырақтың жылылығы 16 градусқа жетіп-ті, — деген партком секретары нақтылай түсті.

— Бүгіндер 17—18 градус болып қалады.

— Жұгері себуді де бастау керек шыгар.

— Майдың аяғы жаңбыр болын кетуі мүмкін.

— Тұқым себу бір аптада бітіп қалса.

— Бидай себуді бір аптада бітіреміз. Бұл енді жылда қалыптасын қалған дәстүрге айналды гой.

— Иә, біздің тыңда коп нәрсе қалыптасып тұрақты заңға айналды. Қәне басқа бригадалармен сойле-сейікші.

Бұлар ақырын аяпдан директордың машинасына келді де, рацияның микрофонын Снегирев қолына алды.

— Мен біріппі, мен біріппі. Екіші жауап бер.

— Екіші тыңда тұр, — деген үп күтірлеп, әуе толқынынан естілді.

- Егісті бастадыңдар ма?
- Бастадық. Барлық агрегат іске қосылды.
- Дұрыс-ақ. Қандай сауалдарың бар?
- Әзірше бәрі ойдағыдай.

Директор мен партком секретары танап басында тұрып барлық бригадалармен сейлесіп шықты. Даала таңы бүкіл танаңқа шуақты нұрын құйып үлгергенше барлық жерде тракторлар дүркірек жосылып, молшылық жорығы үдіре басталып та кеткен еді. Директор бәрінің де жағдайын сұрады. Жауаптары жақсы. Ұйымшылдықпен екшіндең бара жатқан сенімді серпін сарыны жүрекке жеткендей болады. Бұлардың қасына аудандық газеттің тілшісі де жақындал қалтасынан қойын дәптерін сұыра бастады.

— Егістің барысын айтып берсеңіз, Владимир Егорович? — деп, өтінді ол.

— Барысы мынау. Жаңа басталды ғой,— деп Снегирев құлімсіреді. Журналистиң ілгері оза орағытқан сұрағына мырс етті.

— Неше құнде бітіресіздер? — деп енді тілші өзінің тым жөпшелетіп жібергеніне қысылғандай тұра сұраққа көшті.

— Оны айтуға болады.

— Жалпы егіс жайын, алдағы межелерді айтып берсеңіз.

— Қазір міне тұқым себуге совхоз бойынша 21 агрегат кірісті. Біз 1954 жылы тыңда ірге көтерген шаруашылықпен. Қазір совхоз нығайып, әбден кемелденді деуге болады. 13895 гектар дәнді дақылдар себеміз, соның 9 мың гектары бидай. Бізде бәрі де тұрақты. Кадрлар да, дәстүрлер де, көрсеткіштер де. Мінекей тұқым себуге шыққан агрегаттардың бәрі де екі сменада жұмыс істейді. Механизаторлар кадры түгелінен озіміздікі. Бұрын бізде механизатор кадрлары жетпей көмекті сырттан күтетінбіз. Енді ондай жағдайды мұлде тоқтаттық.

— Жағағы бір сөзіңде бізде бәрі де тұрақты де-

Лідіз, өнім де тұрақты ма?— деп, тілші тағы да бір сұрақты қылтитты. Әдетте кей совхоз басшылары мұндай жайсыз сұрақтарды айналып өтуге тырысын, жауырды жаба тоқып кеткісі келіп тұрады ғой. Ал, Снегирев сасқан жоқ.

— Цифрларға жүгінейік,— деді.— Оныншы бесжылдықта біздің совхоз мемлекетке 5,7 миллион пүт астық сатып, бес жылда алты жылдық жоспарын орындаш шықты. Орташа жылдық өнім әр гектардан 16,7 центнерден айналды. Тоғызыншы бесжылдықта бұл көрсеткіш 10 центпердің айналасында болғанын ескерсек, табыс сырына коз жеткізуге болады. Ал осы бесжылдық көрсеткіштерін өздерің жақсы білесіңдер.

— Білеміз Владимир Егорович.

Бұл тұста Снегирев ойланыңқырап көмекке кел деңгендей Нұртаевқа қарады. Нұртаевтың негізгі ма-мандағы экономист болатын. Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітірді, экономист, бас экономист қызметтерін атқарды. Соңғы үш-төрт жылдан бері партком секретары. Жұқалтаң өнді Аманжол Сейітұлы есепке жүйрік, шаруашылықтың жай-жапсарын цифрлармен сойлестіп беруге шебер. Қандай сұрақ болсын жаупты суырып салып орнықты беретін ұстамды мінезі бар. Директордың оған қарагаш себебі де осындаған сенімділіктен туған еді. Әбекең соны түсіне қойып:

— Совхозымыз өткен бесжылдықта облыста Ставрополь өлкесіндегі Ипатов ауданы егіпшілерінің озық әдісін бірінші болып қолданды. Звенолық әдісін жұмыс істеді. Енді, міне, мердігерлік әдіске көшіп отыр. Совхозда ондай үш колектив құрылған. Оларды тәжірибелі бригадирлер басқарады. Соның бірі — Михаил Петрович Шинкаренко. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерінің кавалері. Ал комбайншылардың ішінде кім рекордшы дейсіздер гой. Айтайын... Василий Иванович Пономарев. Ол соңғы

көздері маусым сайып 15—19 мың, центнерден асыра астық бастырып жүр. Ал Василій Захарович Махлай жыл сайын 20 мың центнерден асыра астық бастырып жүр.

Василій Захарович Махлай тыңда тұлеген, тыңда бақтыш тапқан жаң. Ол сонау 1954 жылдың көктемінде тың тосіне Украина да келіпті. Миңдай далада қар үстіндегі алғашқы палаткалар тіккепіншінде аныздаі әңгімелейді. Содан бері техника тізгінің қолдан шығарған емес. Қоктемде тракторға отырып тұқым сепсе, күзде комбайнмен егін дарпясында косілтеді. Жұмыстың қай учаскесінде болсын үнемі үздік корінетін жағдайы бар. Сол еселі еңбектің зейнеті де мол. В. З. Махлайдың омырауында екі Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту және Халықтар Достығы ордендері жарқырайды. Жұбайы Нәлла Қириловна да тың шгеруші. Ол да Украина да келген, скеуі осы тыңда отау тіккеп. Содан бері қашшама жыл зымырады де сеңізші. Олардың баласы Александр да әке жолып құып механизатор болып жүр.

— Ал Корбут Владимир Леонидович галамат адам. Ол Ленин орденінің, Октябрь Революциясы мен Еңбек Қызыл Ту ордендерінің кавалері.

— Тың шгерушілердің тамаша салты бар. Олар бүкіл семьясымен еңбеккөр.

— Біреуін айтып беріңізші?

— Түгел солай.

— Әлгі Корбутты мысал етсек.

— Мысалы Корбут өзі тың шгеруші. Жынырма бес жыл механизатор. Қеудесі толы паграда.

— Білеміз. Ал, әйелі ше?

— Әйелі Аниа Григорьевна да тамаша еңбеккөр, бұзау осіруші, селолық Советтің депутаты, атқару комитетінің мүшесі.

— Ромапиқті неге айтпайсыз?

— Ұмытып барады скенімін,— деді директор.— Тың тіпті адамдардың тағдырып мұлде озгерту.

Осында Ромапюк Иосиф Иванович деген механикатор овар. Тынга 16 жасында тұра балалар үйінен келіп етті. Ал қазір от Еңбек Қызыл Ту, III дәрежелі Еңбек Даңдырылған ордендерінің кавалері, мәддай алды механикатор, жұбайы Нина емханала істейді. Үш баласы овар. Үй-орманы қандай, астында «Жигули», не ішенин, не киейн деп отыргап жоқ. Жыл сайып орақта дүлдеге таласып жүргепі...

— Ол кісінің қалай корсем екен? — деп тілші енді қосалқы сұрақ қойды.

— Агрегаттарды тоқтатуға болмайды, — деп директор әңгіме тақырыбын басқаға ауыстырып кетті.

Манағы кеткеп агрегаттар ташаптың аргы басынан оралып, бергі бетке таялып қалды. Дала алышы «Кировецтер» кеудесін алға созып аришиңдан келеді.

— Эпе, анау Махлай.

— Одап кейін Корбут.

— Анау орталагы Ромапюк.— десіп, тұрғапдар агрегаттарлық тракторшыларын сондай жылы лебіз-лі құрметпен мақтаң ете атасады. Спегрев те осынау бірінен соң бірі екпідеген тың тарландарыша сүйсінген кейіппен коз тастайды. Ширек ғасырдан бері осы дала дүлдүлдерімен бір сапта келеді. Шынында да нағыз қаһармандар бұлар. Қыста да, коктемде де, жазда да, күзде де нағыз қызын жерден, жауапты тұстап табылатын тарландар. Спегрев бұлармен туысып, біте қайпасын кетті. Ширек ғасыр үақыттың озі адамдарды әбден жақып табыстырып, ғыстыай берік жарастырып тастайды екен. Бірін-бірі қабақташ ұғысын, қалтқысыз сыйласатын жапдар болды бұлар.

— Халық бақылаушыларын іске қосу керек. Алғаныңы құннен қолға аlesын, — деп Спегрев коктемті етіс қарбаласыпай ешкімшің тыс қалмауын ескертті.

— Бәрі іске қосылады, — делі Нұртаев.

— Тың тарланшлары сенімді. Бірақ бақылау да арнаңының өттейді. Бізгі керегі сапа. Түкым сапалы

себілсе өнім жаман болмайды,— деп Снегирев машинасына бет алды. Қазір ол совхоздың № 1, ал Нұртаев № 2 бөлімшесіне тартпақшы. Мұнда астық үшін шайқас көктемде жылда осылай қауырт басталатын дәстүрге айналған.

Совхоз тұқым себуді аяқтап, ауданға рапорт бергенде ғана Снегирев пен Нұртаев өз кабинеттеріне орнығып, әдеттегі ыргақты жұмыстарына көшкен еді.

— Бірінші секретарь телефонмен іздең жатыр. Қазір хабарласуыңды сұрайды,— деді секретарь қызы Снегирев есікten кірер кіrmестен.

— Алло, Ақсұат, Ақсұат, маган бірінші секретарьды қосыңызышы...

Арғы жақтан естілген үн қысқа болды. Директор асығыс аудандық партия комитетінің бюросына жүріп кетті.

Қазір тыңда еңбек ету үшін де білім керек. Қашшама техника, қашшама комплекстер. Соларды басқару үшіп оқымайынша болмайды Юра,— деді әкесі машина рулін сығымдай түсіп. Алдыдан аудан орталығы Ақсұат поселкесінің ақ шаңдан үйлері көріне бастады.

— Ипатовтықтардың әдісін егіншілікте, львовтықтардың үдемелі-цехтық жүйесін мал шаруашылығында қолдануымыз керек. Соның қайсысы болсын ғылымға негізделген. Ғылым мен тәжірибе үйлессе ғана жеміс бермек. Жаңа әдісті әншейін дақылышпен енгізе салсаң жұртты босқа қаратер қыласың. Біз міне, ипатовтықтардың әдісін, львовтық жүйені пігердік. Енді мердігерлік әдіске көшуіміз керек.

— Рас, папа. Осының бәрі сендерлің еңбектерің, тың пігерушілердің еңбегі. Ал олардың бүгінгі үрпағы да осал емес, космосты армандайды...

Әкесі бұған дейін ұлының тыңда, өз қасында болғапын қалайтын еді. Енді онысын қойғандай үнсіз қалды.

Жеңіл машина үлкен жолда зулап бара жатты.

Ұлкен жолда

Толық деңелі, шашын шалқасынан қайырған, кесек жүзді қараторы жігіт қызғылтсары тұсті «Москвичтің» есігін сарт жауып, бері қарай аяңдаған қос басындағылар түтег елең ете қалды. Олар машинаның біразға дейін өз екпінімен жеңіл сырғып келіп дыбыссыз тоқтағанын аңғармадаң еді. Комбайндардың бауырына кіріп алып құнжыңдан жатқан механизаторлардың бәрі де белін жазып орындарынап көтеріле бастады. Жұздерінде жадыраңқы шырай бар. Құн райының мына шұғылалы шагы оларның да көңіліне шуақ сөулесін түсірген сыңайлы. Қоздері де, жұздері де күлімсіреп әлгі машинадан түскев жігіттің маңына қарай жиналып жатыр.

— Қалай келіп тоқтағаныңызды аңдамай қалдық қой. Бұл келген «Бұлақ» совхозы партком секретары Аманкелді Ысмайлов болатын.

— Жағдайларыңыз жаман емес көрінеді. Орақ дауылдай тиісейін деп түр екенсіңдер. Жарайсыңдар. Сендерді көріп, сендердің егіндерінді аралағанда бұлығы жылдың құрғақшылық болғанын ұмытып та кетесің,— дейді ол диқан-механизаторға қараң.

— Рас айтасыз ба, Әбеке?

— Басқа жерлерде егін олқы ма сонда?

— Бізде де ала жаздай жаңбыр болған жоқ. Жердүннен күйіп кетті ме деп қорқып едік. Әйтеуір егініміз шыдан бақты. Өнімі де жамап болмас дейміз.

— Екі ұшты сез не керек,— деді Ысмайлов осы

кезде.— Мұндай егілді жамап емес деп айту былғы жыл қиянат. Бұл егін дікан шеберлігінің жемісі, мандай тердің зейнеті. Қашан айттың демендер, көрерсіңдер біздің совхоз биыл да дүрілдейді.

— Несі бар, дүрілдеп, дабылдап естілсін даңқтарыңыз. Соңғы екі жыл бойы республика бойынша алдыңғы саптасылдар. Оп бірінші бесіншілдіктың алғашқы жылы 10200 гектар алқантың әр гектарынан 31 центнерден алтын дәп жиналды,— деді партком | секретары откенде еске атып.

— Бұкіл бір совхоздың мұндай жогары опім алғаны бұғап дейіп бұл опірде болғап емес,— деді осы кезде оқшауырақ тұрган козілдіркіті қараторы қыз.

— Е, бәсе, Майра, сен облысқа, Алматыға барып жүрсің гой, осылай дұрысың айтты. Ал, біздің осы Ақтас ауылының діңандары сол жылы қашашада алып еді?— деді егделеу механизатор.

— Гектарынан 33,7 центнерден. Мына Орекең де сол жылы рекорд жасады.

— Сонда қашша астың бастырылдың, Ореке?

— Бір комбайнимен он жеті жарым мың центтер,— деді шашын қырау шалып қалған Орекең.

— Биыл да бір шырқасаң,— деді осы кезде секретарь Орекеңде бұрылып.

— Үлгі-өнеге көрсетсөніз. Қоши бастасаңыз. Жалғыз озіңіз емес, мына бәріңіз болып бұкіл облысқа шарықтап шықсаңыздар. Сіздерді бұкіл облыс білеңді, биылғыдай құрғақшылық жылы Бұлақтың лиқаптары не көремет көрсетер екен деп тосып отыр.

— Былтың жаңбыр болмады дегенің өзінде гектарынан 25 центнерден өнім жиналады,— деді Орал Тәттібаев.

— Ал бұылғы құрғақшылық одан кем соққап жоқ, артық шыгар тіпті. Жаз бойы күн жарықтың қайнады да тұрты гой,— дейді бұл топқа соңынан қосылған болімші агрономы Айтакмет Мәжікеев. Ол да жаз бойы топырақ тамырып уыстап, жаңбыр мен

Лар сүйп мілліметрінде дейіп молшерлен олшеп жүргіп маман емес не. Тіпті қай күні қашша жаңбыр дауганын, қай учаскеге қараї бұл үйірілгешіне де-ши айтып беруге әзір сияқты.

— Сонда да жаман егін осіргеніміз жоқ.

— Ол шеберліктің жемісі. Диқан шеберлігі жеңіл деуіміз керек бұл арада,— десті механизаторлар.

— Сол шеберліктің көрсететіп таты бір сын туып отыры. Қалайда егінді токпей-шашнай жинап алғыныз керек. Ендігі сын осы. Ореке, бұғаш не айтады,— деген партком секретары Тәттібаевқа салмақ сала қарады.

— Не айтушы едім, біздің соз дайып: маңдай термен осірілген өнімді өзіміз шашау шыгармай жинап аламыз. Осы жігіттердің қайсысы болсын комбайндарын сақадай сайланап отыры. Күні-түні тоқтамай жортуға бармыз. Ырысты ырғалтып қойып бей-жәй бола алмаймыз той. Біздің соз сол емес не? Осы соз-и қай жерде болсын қысылмай айта беріңіз. Қажет болса озіміз де айтамыз.

— Дұрыс айтады Орекең.

— Орекең айтса біз қостамай қала алмаймыз.

— Тарлаң қалай сілтесе біз де солай қалыспай ғажайық!— Осылай дуылдақша жігіттер Орал Тәттібаевтың созін түгел қостап әкетті.

— Онда осы сіздер облыс бойыша үлдеу қабыл-шысаңдар қайтеді?— деді Аманкелді Үсемайлов жаңа бір ой ұшқынын ортаға тастап.

— Оған да қарсы емеспіз,— деді Орекең.

— Кош бастау — құрмет. Ондай сыйбага әркімнің ғиншісіне тие бермейтін шыгар, солай емес не, жігіттер?— Ол қаумалап тұрған кілең сайдың тасындағы ірікті азаматтарын, сепімді механизатор достарын жағалай шолып шықты. Олар да бас изесін ша десіп жатыр.

— Солай болсын.

— Жарысты бастайық спдеше.

— Бізден қалыспасын басқалар,— десіп нық үн қатысады.

— Жарайсың, Орекем,— деп секретарь қарт мемлекеттік Тәттібаевтың қолын құшырлана қысты.— Алғы саптан айнымайсыз. Сол қайраттыңға сүйсіне мін. Қандай қындық болсын солқылдаң сыр бермейсіз, жосылып тарта бересіз.

— Әзір мақтамаңыз. Бүгін ертелеу шығар. Ертең егін біткенде көрерсіз. Соңда айтарсыз,— деп Орекең осы бастан тым қолпаштауды жаны қаламайтын мінез ағартты.

— Сізге сенген соң айтып отырмын Ореке,— деп партком секретары да орта бойлы, жұқа өнді, өткір жанаарлы Тәттібаевқа сүйсіне қарады.

Орақтың басында осылай әуелі әңгімeden өріс алған соны серпін кейін келе үлкен арналы ағысқа айналып кетті. Партияның секретары Ақтас ауылышындағы екінші егін жинау-тасымалдау комплексінде арналы жиналасын өткізді, ауданнан да өкілдер болды. Сөйтіп ауыл диқандары облыс бойынша үндеу тастап, егінді ең қысқа мерзімде сапалы жинап, әр гектардан 20 деңгейлерден астық алу жөнінде бастама көтерді. Бұл — ауа райы аса қолайсыз 1982 жылы бүкіл тың өңірі қызыға қабылдаған үлкен жағалық болатын. Тұрақты түрде жоғары онімге жету — тың төсіндегі ең ереп срлік екені өмірдің озі айна-қатесіз дәлелдеген шындық та еді бұл.

Сол күні Орал Тәттібаевтың өзі басқаратын егін жинау звеносының мүшелерімен шағын ғана әңгіме өткізді. Әрине бұл ресми қатталатын атаулы жишиң емес, осынау орақтың отты шайқасында құрыштай тұтасып білек біріктірген қайратты жаңдардың серт айтысқандай сырлы сұхбаты болатын. Қысқа ғана тіл қатысты. Соның өзі бұлардың ішінде түйілген мықты серпінді айнытпай ағартқандай еді.

— Серттен шығамыз ғой? — деді Орекең күлімсіреп.

— Барды саламыз, Ореке. Өзіндік бастаған соң біз-
дің қалысуга қақымыз жоқ! — деп өзімен тете-
лес комбайншы Нұрғали Нұрланов ның жауап
берді.

— Сертте тұрамыз, ағай — десті жас дауыстары
сыңғырлап, звеноның басқа мүшелері. Оларға Оре-
кең де сүйсіне қарады. Жастар елгезек, тәртіпті,
тиянақты. Балалардың осы қасиеттерін ә дегеннен-
шік қапысыз ағарып қалған Орекең енді разы райда.
Звеноны жасақтарда қателеспегеніне қуанады іштей.
Звеноның бір мүшесі өзінің қызы Майра. Ең сенімді
тірегі — техника тізгінін жынырма жылдан аса ұста-
ғап майталман механизатор Нұрғали Нұрланов.
Оның баласы Мырзатай және Баян Татаев бір-бір
комбайнда. Бұл екеуді де онының класты бітіріп, ең-
бекке араласқап комсомол мүшелері. Былайша айт-
қанда, бір звенода — екі коммунист, екі комсомолец
бар. «Нагыз екпінді звено, жарыста жүлде бермес,» —
десті бұлар туралы совхоз, аудан, облыс көлемінде.
Ал Орекеңнің трактор тұғырына кетерілгеніне отыз
жылдан асып барады. Ауылдағы техниканың қайсы-
сып болсып бес саусағыпдай біледі. Коктемде трак-
торға отырып, жер жыртады, дән себеді, ал күзде ал-
тын мұхитына дала кемесімен шығады. Соңғы он бес
жыл бойы орақ жарысында жүлделі болып жүрген
тамаша дәстүрі бар. Өзінің қызылкүрең «Нивасымен»
жыл сайын 10—12 мың центнер астық бастырады.
1980 жылы Тәттібаев өз комбайнинан қырманға
17500 центнер алтын дән жопелтіп, ерекше үздік
корінді. Ал келесі жылы 18000 центнерден асып түс-
ті. Осыпдай ерең ебектің зейнетін де көріп жур.
Тарлан механизатордың омырауында Ленин ордені,
Октябрь Революциясы ордені, «Құрмет Белгісі» ор-
дені жарқырайды. Ол аудандық, облыстық партия
конференцияларына талай рет делегат болып қатыс-
ты. Москва аудандық партия комитетінің мүшесі
болып сайлапды.

Әкесіпің осындағы мәртебелі даңқы қызы Майраның да арман қапатын алғысқа серметкендей еді. Тұған ауылында орта мектепті бітірген соң ол механизатор болуды қалады. Әрине алғашқыда әке-шешесі бұл шешімге бірден келісе қойған жоқ. Олар қызының жоғары оқу орнына баруын қалады. «Темірдің ортасында әкедің жүргені де жетер» деп, шешесі тіпті көлісер ыңғай таптығагын-ды. Сол кезде Москва көгілдір экраны даңқты механизатор Қемшат Доңепбаева туралы тамаша хабар беріп, көп корерменіп тамсантып тастаған болатын. Майра сонда шешесін телевизорлық аттынап жібермей, хабарды басынан-аяғына лейіп ерікесін корсетті. Ертецине ғана шешесі шарасы таусылған жайып айтты. «Жұрттың бәрі Қемшат бола алмайын гой. Ал сен боламын деп тал-пынғап екенсің талабыңды қайтармайын. Бақытыңды тапсац болды» деді.

Ал, Майра шынында да пагыз қайсаң қызы екенін корсетті. Мектеп бітіргенпен кейіншігі айналасы торт жылдың ішінде талай тарлаудардың оресі жете бермейтіп бішкеп бір-ак корінді. «Әкесіне тартып тұған екеп» десті жас қызға сүйсінген ауылдастары. Ол жас тракторшылардың Бұқілодақтық конкурсына қатысып, әйгілі диқап Паша Ангелина атындағы жүллені жеңіп алды. Партия қатарына отті. Өз омірінде түңгыш үкімет наградасына не болып, омырауына «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін тақты. Майра Москва аудандық партия комитетінің мүшелігіне кандидат, аудандық Советке депутат, кәсіподақтардың облыстық советіне мүші болып сайланды. ВЛКСМ-пің XVII съезіне делегат болып қатысты. Иә, оз бақытың еңбектен танты дегеп осы емес не?!

Әкесі Оралдың да, қызы Майраның да еңбек жеңістері облыс атырабында айрықша мақтанышпен естіліп жатты. Олардың есімдері ең үлкен жыныдарда алғы сапта аталлы, өздері сол алқалы салтапаттарда сөпі жарасып, мәртебе-мерейлері осіп қатар отырды.

Ені міне орақ майдапының отты шайқасыпа әкесі мен қызы үзеңгі қағысып бірге аттаңды.

Тың тарланы Орал Тәттібаев қашаннан қалып-тасқап екпінді ырғактан он бірінші бесжылдықтың үшінші жылы да іркілген жоқ. Ол басқаратып звено орақтың алғашқы күшдерінен-ақ сұрырыш үздік шықты. Бес комбайн бірдей тоқтамай, таң атқаннан үн ортасы ауганша астықты алқапты еңбек күйіне поледі. «Күніше екі порма орындалмай — мотор үнін өнірмейміз» деген ұран звено мүшелерішің сертіне айналды. Совхоз орталығында Тәттібаевтың звеносының еңбек жеңісі құрметіне қызыл жалау котерілді. Оның есімі аудаңдық, облыстық газеттердің беттерінде орақ қаһарманы ретінде аталды.

2

Орақты орталап қалған кез болатын. Бірде комбайншылар құндегі әдетімен таңертеңгі атташысқа өзірленіп, қарбаласып жатты. Мұндайда таңғы тұнық ауада шаң-шұң темір даусы, адамдар үні айқыш естіледі. Сойлеген сөздерден, қымыл-қозгалыстан асығыс жай аңғарылады. Орал да шашшаң басып жүріп, қалт жібермес қырагы көзбен оз звеносының комбайндарын бір сыйдырып сүзіп шықты да, екінші егін жинау звеносының жетекшісі Есенгали Қосиновқа қараң жонелді.

— Есеке, дайышсың ба? Аттапамыз ба? — деді ол озінің еңбектегі бәсекелесіне.

— Әзірміз. Өй, Ореке-аий, сізбен жарысу оңай болмады гой. Қашша тырбансақ та қалып қойыш жүреміз ба,— дед Есенгали құле тіл қатты.

— Олай жуши-шаюға болмайды, Есеке. Бұл арада бір себеп бар. Жағдай бірдей, комбайн бірдей. Неге қалып қояссыңдар? Соның себебін білсейші, зерттесейші. Жарысқап соң тәцесіп тең түсіп отырган жақсы гой. Үнемі артта қала берген соң ала қасыңдағы

жас жігіттер де жасып қалады. Олар да озамыз деп ұмытылып, талпынып-таласып отырсын,— деп Орал Тәттібаев көптен ойда жүрген пікірін алға тосты. Әңгіме жарыста озып шығуда емес, жас үрпакты, соңынан ілескен жас толқынды еселі еңбекке тәрбиеледі. Әрілтесі Есенгалиға ол соны айтты. Ағынаң ақтарылған Орекеңді Қоспанов та дұрыс ұқты.

— Ореке, ойымнаң дәл түстіңіз. Үш-төрт күшнен бері біздің жігіттер де осы сұрақ тоқірегінде толғанып жүр еді.

— Ендеше шешуін табайық та,— деп Орекең қуаныш кетті.— Жастар толғанса бірдеме шығады. Жігіттер ойланды дейсің бе?

— Балаша қуандыңыз ғой, Ореке.

— Қуанбағанда қайтейін. Жарысып жүрген сеңірктерің соңынан салпақтаң еріп қана жүрсе, қатарласып қанат қағуға қайраты жетпей жатса, өзің де ренжисің. Ораққа түскенімізге міне неше құн болды, ылғи артта қалып келе жатырсындар. Менің баllaларым да бұларға не болды деп сұрай бастаған еді. Енді сендердің де жай жүрмей ойланып, талпынып жүргендерің көзім жетті. Соған қуанамын. Жарыс енді қызды, екпін енді еселей түседі. Меніңде сендер жылдамдыққа көзіл бөлмей жүрсіндер. Биылғы егін бір танаңтың өзінде әртүрлі. Қою жерде ақырын келе жатып, сұйық тұста шашаңдату керек.

— Мұның дұрыс екен. Ал, енді алға түсіңіз — деп, көділі орынқаң Есекең өз комбайнның қараї тартты. Оның көкірегі шынымен шуақты нұрға то-лып жүре бергендей еді. Бәсекелес серігінің, мына даңқты диқаның, өзі Ореке деп ерекше құрмет тұтатын жайсаң жанның аңқылдаған адаптейіліне соңша разы болды. Өз комбайндарын тәптештеп шығып, енді бұлардың шаруасына қол ұшын беріп, септесуге ұмытылғаны қандай жарасымды. Қандай гажап жан. Қасында жүріп еңбек етудің өзі бір тамаша емес пе, дейді Есенгали ішінен құбріледі.

Көп кешікпей бүкіл төңіректі тұтасқан моторлар үшін кернең екі звеноның комбайндары орындарынан қолғала бастады. Екіге жіктелген екі топтың алдында Орал Тәттібаев пен Есенғали Қоспанов кетіп барады. Олар осы екпінді ыргақтарынан түн ортасы аугашша тоқырамай тартты. Бір-бірімен жарысы, тоқтамасқа, тек ілгері өрлей беруге іштей бекініп, серт салысқандай үзеңгілес келеді. Орекең анда-санда орнынан көтеріліп, Есенғали звеносына көз қырып салып отырды. Олар да соңдарында шаң бүркүршип, үдей түсіп тоқтамады, толастамады.

Ертеңіне есеп жүргізгенде екі звено уәделескендегі тед түсті. Екеуі де нормаларын 220 проценттен орындаады. Сонда Орал Тәттібаев өз комбайнның дағы қызыл жалауды өз қолымен жұлып алыш Есенғали Қоспановтың дала кемесіне қадады.

— Бүгін сендер жендіндер. Қуып жетіп қатарласу да бір жедіс,— деп ол қатты қуаныш қалды.

— Ореке, енді бізге қарайламаңыз, сілтеңіз, сіз даланың тарланысыз. Сізге еріп жүрсек те абырай,— деп Есенғали шынын айтып құлімсірей қарады.

Оның даусы майда естілді. Тайталаста тұтана жөнелетін жігер жалыны жанарында үшқын атып, жымың-жымың етеді. Комбайндардың бәрі бірдей кідіріссіз жосылғаны опы шынымен сүйсіндейді. Масагы кере қарыс, бір дәні баданадай егін дестелері құшақ жетпестей теңкіп-теңкіп қырқаларды кестелеп, белдеулем жатыр. Қатар түзеп, қалың көштей қатарласа қаптаған комбайндар үрдіс қимылмен екпіндегі түседі. Астық тасып ерсілі-қарсылы ағылған машиналар. Даланың осы дүбірлі суреті Орекеңпің көзіне оттай басылып, тұла бойында ыстық толқын жүгіртеді. Ол даланың дәнмен тасығанына қуанады. Диқан достарының едбегі жанып, облыс өңіріндегі ең бітік ырыс болып ыргалғанына мақтанады. Айнала дүниеге өзгеше шаттықпен қарагысы келеді. Адам

еңбек бақытыпа болептегенде, еңбек зейнетіле кепелгендеге осылай сезімтал болады екен гой.

Орал Тәттібаевтың орақ кезіндегі ерлігін барша жұрт мақтаныш етеді. Оның звеносы Есенғали Қоспановтың звеносымен жарыса жүріп, бітік егінді ысырапсыз, қысқа мерзімде жишап алды. Осы екінші болімші мемлекетке астық тапсыру жоспарын екі есе асыра орындағы. Дәнді дақылдардың әр гектарынан 20 центнердеп өнім алышып, облыс колемінде жоғары корсектішке жетті. Соңғы гектарлар орылышп, комбайндар қырқадап оралғанды Орекеңді, қызы Майраны, Есенғали Қоспановтың комбайншы жігіттерін түгел ауыл адамдары салташатпен қарсы алыш, оларды нағыз қаһарманшарда құттықтады. Құшақтарын ғулге толтырды. Алтын масақтан алқа тақты.

— Сертті орындаңыздар. Жарайсыздар, дала дүлдүлдері! — десті бүкіл ауыл адамдары бірауыздан.

Ауыл алғысын алғап да үлкен мереій. Туган топырағының жүргегіше ең жақын жұрты түгел тағзым етіл, алдында бас шіп, алақаңга салыш аялап тұрса ол да бір теңдесі жоқ тамаша құрмет. Орекең орақтан кейін сондай қошамет-қадірдің кәусар нұрына шомылды, еңбек рахатының жұпар самалын сіміре жүтті. Халық алғысы кокіректі кернен кетер қуаныш екен гой.

3

Орақты аяқтагап соң Орекең екі-ақ күп тынықты. Звено мүшелерін жишип алды да, комбайндарын жекеіл-желлі жопдеп, тазалап, тәртінке келтіріп машина ауласына дұрыстап қоюды үйғарды. Жылдағы әдеті осы. «Нивасын» қашан да кіл бабында ұстаганды ұнатады. Ал комбайндарды орнына қойыш, коцілі орныққан соң қысқы көсібіне білек сыйбанын шыгады.

— Қызым, сен тракторыңа бар. Мен фермаға комектесейін — дейді, Орекең.

Жастық шіркіп лапылдаған жалып емес пе. Орақтың қым-құыт шайқасында үйқы-күлкі көрмеген қызы Майра тіпті шыңдала түскендей «Кировец» тракторының білік кабинасына жүгіре басып шығады. Майрага үздік еңбегі үшіп осы дала алышы есімі жазылып арнайы берілген еді. Міне, күзде комбайн тоқтағанда тракторға отырып, зябъ жыртады, ал қыста егістік алқаптарға қалып қар жатдарын тұрғызылды. Әйтеуір әкесі сияқты Майрапың да омірі қайнаған еңбекке толы. «Өзіме тартқап алтыпым сол. Темір тұлпарды тізгіп деп, үлкеп жолға шықтың, сепің жолың үлкеп, армандастың әлі білік, білік жүлдіздарға жетесің», — деп үйде оңаша отыргап сәттерде әкесі қызын айпалып-толғапшиң қояды. Жап жүрек шымырлаи, қызын арман қыясынап коргісі келеді. «Папа, сениң де білктерің алда, шагыз үлкеп жолға енді шықтың. Епді Еңбек Ерішің жүлдізы жарқыраса дейміп омырауында» — деп, Майра жүрек түкпіріндегі бір арманын жасырмай актарып салды. Орекең қысылыпқырап, үлкеп басымен қыбызықтаап кетті. Серие сойлеуді ұнатыпқырамайтып адап істіп гана адамы емес пе, тіпті жауап қатар создеп де сарқылып, сасқалақтаап қалты. «Оны Отан біледі, ел біледі, еңбек сіңсе жүлдізып да беріп жатқан жоқ па. Айпалайып айтқапың дұрыс, мен де үлкеп жолға жаңа шыққап сияқтымып. Жалғыз емеспін, жап-жагымда жас қапаттарым қатар келеді. Соның озі мағап қуат емес пе. Сендер кайраттарың тасып, құлашты сермен бара жатқапда мен де қараш қалмасын», — деп ақырын қынышып қояды. Әкесі де, қызы да еңбек жолын — ең үлкеп жол, сара жол деп үгайды. Қасиетті жол деп түсінеді. Бұларлың қапыпа сіңген, жанына бойлаган үгымы мен түсіпігі, терендегі тұнығы ол. Ауылдан азыстан Алматыға, яки Москваға жол тартып кеткенде тугап жердің тонырагып.

көлін, құрагын, қамысын, ақ қайындарын, самал же-
лін қандай сағынса, мәндайдан моншак терді сорға-
латар есіл еңбекті де сондай аңсап тұрады. Еңбекке
жаралған, еңбектен бақыт тапқан адамдар осындау
тынымсыздық мінез де табады екен.

... Таңтертең алакебеден оянған Орекең тез киініп
сыртқа шыққанда ауыл ақ көршеге оранып, жапалақ-
тап қар жауып тұр еді. Қызы Майра өзінен бұрып
тұрып, буынып-түйініп, киініп те алысты. Далаға
бірге шықты.

— Амандық болса келесі жылды да егін орасан бо-
лады,— деді өзінен-өзі күбірлекен Орал Тәттібаев.

— Оны қайдан біліп тұрсың, папа?— деді қызы.

— Жазға жалғасып күз де қуаң бола ма деп
қауіптеніп едім, әйтекеүр соғыс күндері жаңбыр тәпе-
леп жерді жарылқап еді, енді қар да жапалақтап
қалып түсіп жатыр. Жердің қысқы көрпесі жаман
болмас.

— Қар жаңа жауып тұр ғой, папа.

— Беталысы жаман емес дегенім ғой. Қар жауса
да қуапамын. Егін болады.

— Ендігі жылға дейін әлі қайда, папа. Оған де-
йін қанша боран соғып, қанша қар жаумас дейсіц.

— Диқан шіркін қар жауса да тізесін бұтгіп, үйде
отыра алмайды. Қыс қарды ойлайды, жаз жаңбырды
ойлайсың. Ойламасаң бола ма қызым. Мен бүгін сов-
хоздың орталығына барамын. Халық бақылаушыла-
рының жиналышы екен, соған шақырып жатыр.

— Папа, мен аудан орталығына барамын. Одан
әрі облысқа кетіп қалуым да мүмкін.

— Е, менен асып тарттым десейші. Мен совхоз
Ұзын бойлы, ат жақты, сары жігіт мінезі томагатұйық көрінетін. Ашылып, ақтарылып сөйлей бермейтін.

Ол директордың кабинетіне құлақшының қолына ұстап кірді.

— «Мені шақырдыңыз ба, кіреіп бе?»

— Төрлет Жақсылық, кәне жогарылат, қал қалай?

— Қал жақсы.

— Үй іші аман ба?

— Аман.

— Комбайн қалай жөнделді ме?

— Сақадай сایмыз...

— Сенімен ерекше әңгіме бар,— деп директор енді орнынан тұрды. Жүзінде өзгеше ілтифатты шырай байқалады. Аса бір маңызды әңгіме айтқалы оқталғандай ақжарқын көңілмен іш тарта сөйледі.

— Техника тізгінін ұстаганыца пеше жыл болды осы,— деді ол.

- Жұпымда жыл,— деді Жақсылық,
- Не дейді?
- Оң алты жасынан техникага отырганмын.
- Солай де...
- Солай. Экем ерте қайтыс болды. Шешем жалғыз қалғап соң сөгізіші қластан кейін жұмыс істеп кеткесмін.
- Дұрыс-ақ. Ендекте шыңдалғаның көрініп түр. Ал, орақтағы қарқышың қалай? Қанша астық бастырылып?
- Оң үш мың центнер.
- Аз емес пе?
- Аздау.
- Был қанша астық бастырмақсың?
- Оң бес мың центнер астық бастырысам, дең отырмын.
- Ол да аз,— деп Журавский комбайншы жігітке қадала қарады.
- Атақты комбайншы Төлебай Мұстафин жылына жұпымда мың центнер астық бастырып жүрген жоқ па?
- Ол кісі Социалистік Еңбек Ері, республика-мыздың белгілі дықан... Ал, мен...
- Қой, Жақсылық озінді кішірейтпе,— деді директор іле. Сенің құлашты сілтейтін шағын сәмес пе? Қамшилау керек озінді. Был егіннің шығымы тамаша. Гектарынан 20 центнерден өнім береді деп жоспарлап отырмыз. Астық дариядай тасығалы түр. Сол тасқында сен де бір құлашты сілтесең деймін. Сенің топ жарып, жарыста озып шығарыңа сеніміміз зор. Жақында комбайншылармен арнайы жиналыс откіземіз. Ендігі сезінді сонда еститін бола-йын, звено құрғалы жатырмыз. Жанаңца жігіттерді жинап, звено құрғып жарысқа түсетін бол.

— Бұл сезіндің бәрі жөн. Ойланатын нәрсе екен Петр Федорович,— деп Жақсылық орнынан атып тұрған-ды. Директордың айтқандары санаға терең

бойлап, оны шынымен ойландырып тастан еді. Қабицеттен тура машина-трактор шеборханасына қарай жүгіре жөнелді. Қомбайш жөндең жатқан серіктегіне жеткенше асықты.

— Рас-ая,— дейді ол өз-озіне,— аяибаймын деп ақталғапмен әлі аядаш жүргенім анық қой. Аудан, облыс колеміндегі жарыстың шебіне әлі бір шыға алғаным икө. Бір маусымда он бес мың центнер алтын дән бастырганыма мәз боламын. Ал, шын жүйріктер он бес мың центнерді де місе тұттай, жышрма мың центнерді доцгелетіп жүр. Олар да мен сияқты комбайны, олардың да комбайндары «Нива». Директордың сезі-дұрыс сез. Ауданың, облыстың бас бөйгесіне қараң күш салу керек. Был барлық мүмкіндік бар. Бұрын біздің егін нашар, құні-тұні қашшама жүрсөң де онімсіз деп, сыйыққа сylтау іздеуші едік. Был әле, жардай тіреліп жайқалып келеді...

Ол осы уақытқа дейіп ауылдастарынан асып түсуден басқаны әсте ойламапты. Совхоз бойынша алдыңғы қатарда. Мақтаулы механизатор. Қоқтемде К-700 тракторымен 1500 гектарға дейіп алқапқа тұқым сеуіп, жазда жемшоп дайындау жарысының жецим-пазы болғапы үшіп «Жигули» жеңіл машинасын көзектен тыс сатып алу құрметіне не болды. Ал, күз келсе «Нивасын» сайлап, қайратына мішіп, дала ке месінің штурвалына отырады. Соңғы он жыл бойы он мың центнерден кем астық бастырын корген емес. Үздік едебегі үшін «Құрмет Белгісі» орденімен паградталды.

Едебектің құрметке болеген зейнеті де біраз баршылық. Бірнеше рет жергілікті Советке депутат болып сайланды, партия қатарына қабылданды. Сопадай-ақ Жақсылық Шәкіров осы «Октябрь» совхозы парткомының, Целинный аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. Міші, байқап қарасаңыз бір азаматтың басына жетерлік атақ-абырой бар сияқты. Өзі де осыларды қанағат тұтып, жүре берген

бе, қалай? Совхоз директоры соның бәріп олқы санағ отыр. Жақсылықты ол басқа биіктен көргісі келеді екеп. Механизатор жігіт шынымен қатты ойланды.

Бұл — онышы бесжылдықтың қорытындылаушы ижілі, ораққа әзірліктің қызыу жүріп жатқан шаты болатын. Машина-трактор шеберханасында ертелікен базылмайтып қауырт қарбалас. Дала кемелері тексерістің соңғы сұзғасынен отіп жатыр. Аспан анық, жаз күні жайнап жарқырап, сонау қырқаларда толықсыған сары алтып дән теңіздей тербеледі. Жақсылық Шәкіров те озінің қызыл қүрец «Нива-сын» осымен бесінші ораққа әзірлеп сайланғап қалыпта. Оның қасында байыргы механизаторлар Кәкен Мергенов пеп Сұлтан Тілемісовтың комбайндары тұр. Олар да жопдеу жұмысының соңғы түйініп қоюға жақын.

— Жігіттер мен директорда болдым,— деді ол келе.— Вахталық әдіспен жұмыс істейміз. Звено құрамыз...

— Сен бастансаң, біз дайынбыз. Сепің звенонда болайық,— десті әлті жігіттердің екеуі қосартапши.

— Өзім де соны ойлаған едім. Дириектордың ойы да солай-ау. Сенімді жігіттерді таңдаш ал деп отыр. Сен екеуінді звенога тартсам, көмекшілікке кімдерді аламыз?— деп ол енді серіктеріне қарады.

— Был онышы қласты бітірген балалардаш алсақ қайтеді? Жастың аты жас...

Жақсылық бұл ұсынысты қабылдағандай сыпай таптыты.

Ертеңие бұлар үш комбайнның қасында алтау болып жолықты. Кәкен мен Сұлтан биыл орта мектепті бітірген жастар — Тұлкібай Өтсөулшінді, Василий Рагачевті және Сергей Лучкинді бірге ерте келген еді. Жастар монтажан момақан мінеззен үлкендерге жаудырап қарайды. Үшесінде онша алыш тұлғалы емес, бірішп-бірі аз-ақ қалыңқы қағілез жігіттер

екен. Бет-әлпеттеріне қарағанда жуас қапа жұгымды пошымдары бар.

— Кәне, жігіттер, жақын келіңдер,— деп Жақсылық оларды қасына шақырды.— Әуелі әңгімені пісіріп алайық, отырыңдар. Сендердің әке-шешелерінді мен жақсы білемін, жамап жігіттер болмассыңдар деп ойтаймын. Сендер бізді де жақсы білесіңдер, соңдықтан түсінбестік бола қоймас. Біз сендерді көмекшілікке қуана қабылдаймыз.

Жақсылық үшеуіне жағалай коз салды. Олар келіскең раймен бастарын шеді.

— Сенімдеріңге рахмет.

— Үйретсеңдер біз дайыбыз...

— Үйренуден жалықпасаңдар болды,— деді Жақсылық.— Ерінбесендер бәрін игресіңдер. Үйренеміз деп, ұзақ ыргалуга да болмайтынын есте үстаңдар осы бастан. Тұн қатып, қарлы жаңбырда да жұмыс істейтін жай болады. Соңдай қындықтарға көпетін болыңдар. Орақ біткенше қолымыз комбайн штурвалынан айырылмауға тиіс. Осыны ұғатын болайық.

Жас жігіттер бір-біріне қарасты. Диқап омірінің қапдай қатал заңына болсын копдігер мінез танытқандай. «Жуас ағай дегеніміз қаталдың қаталы ма қалай?» дегендегі бір-біріне қарасады.

— Был бәйге жарпяланып отыр. Соны жеңіп алу үшін аяпбауымыз керек,— деді Сұлтан.

— Мына жігіттермен бас бәйгені біз алмасақ, ұятта,— дейді Кәкен оны қостай сөйлеп.

— Мақсат бітік егішиңде бір түйір дәніп ысырап етпей жинап алу. Бәріміздің бас бәйгеміз сол.

Жақсылық осыдаш төрт жыл бұрынғы жайды есіне алды.

— 1976 жылы,— деді ол,— бітік егінді жинап үлгерге алмай қарға ұрындық емес пе? Қаншама алтын дән ысырап болды десеңші. Солай болмасын, алтын дәнді ондай қатерге ұрындырмай тегіс жинап, алсақ, бәйгепің басы сол емес пе?

Звено мүшелерің бәрі де оны қостап, мақұлдац
фетті.

Но, қостаудың да қиплы-қильты болады. Біреулер
шашейіп бас шеін салып, аргы байыбына бара бермей-
ши де бар. Ондайлардың шығарып салма дағдысы
көбіне сан соқтырады. Жақсылық оны да жақсы бі-
леңді. Сондықтан да ол өз жігіттерін шайқасқа салар
жаяуынгерлердегі сайлап бақты. Жас комбайншылар-
ны біраз терледті. Істық-суыққа қатар салғандай
шоғен шындағы. Бір апта бойы жанынан екі елі шы-
ғармай қара терге түсірді. «Диқан еңбегінің қынды-
ғын корсін, үйренсін» деді ішінен. Звено мүшелерінің
созі мен ісінде айырма болмауын қатты қадағалады.

Ол қателеспеген екен.

Дала төсінде дабыл соғылып, теңіздей толқыған
шоған дариясы ырғала шалқып арнасынан ақтарыла
жонелгенде қаптаған қалың комбайндар күні-түні
мотор үнін өшірмей шайқас шебіне лап қойғанын
корседі шіркін! Құндіз көз жеткісіз ырысты алқап-
тарда сарыала толқын сапырылып жатса, түнде сам-
саған жұлдыздар жынырласып жақұттай жайнағаны
корген жанды қызықтыратын. Далада ғаламат бір
айқас сарыны тұтаса естіліп, бүкіл атырапты ерекше
ауенге бөлеп жататын.

Совхоз директоры да қателеспеген екен. Сенген
жігіттері сенімді ақташ жатыр. Әр гектардан жынырма
бес центнерден айшалғаш алтып дәнді ысыраңсыз жи-
науда. Маңдайшасында қызыл жалау желбіреген
«Нива» комбайны алдында Жақсылықтың өзі. Серік-
тері — Сұлтан мен Кәкен де қалысар емес. Әр ком-
байнмен бір мың центнерден астық бастырын рекорд-
ты деңгейді дөңгелетіп тастаган күндері де болды.

Үш тарлан тізе қоса отырыш, нағыз қызып дегеп
мезеттерде қайыспай тош жара білді. Тұнгі сменаны
түгел өз мойындарын алды. Оның үстінен күндіз де
білекті сыбаныш, қайраттарын корсетіп-корсетіп ала-
тын сәттері бар. Комбайнның қасынан бір елі ұзап

кету жоқ. Төсек-орын жайғастырылған вагонша таңап басында. Механизаторлар сонда үйкітап, дем алады. Шырт үйкіда жатқандарында кенет комбайн үні кілт үзілсе шошып оянатын әдеттерді шығарысын жүр бұлар. Бәрі де дәл майдан жорығындағы жортуды шақ спиқты. Бірақ олар осының өзінен өздеріне ерекше бір ләzzat алғандай еді.

Сондай қарбаласты құндердің бірінде Жақсылық Шәкіровтың звеносын совхоз басшылары жапырласа келіп құттықтады.

— Үш комбайнмен отыз мың центнер астың бастырдыңыз. Бұл — еңбек ерлігі! Міндеттеме орындалды!

— Жарайсындар, жігіттер! — десті олар комбайншылардың құшагын гүл шоқтарына толтырып. Облыстық партия комитеті мен облыстық Советі атқару комитетінің звено мүшелеріне ариған құттықтау хатын қызып берді.

— Әр комбайнмен 15 мың центнерден астың бастырамыз. Звено межесі — 45 мың центнер. Құттықтауга біздің жауабымыз осы! — деді Жақсылық.

— Бәсе осылай десеңдерші, — деп совхоз директоры қатты қуаныш қалды. — Қазір сендер звенолар жарысында облыс көлемінде алдыңғы қатарда келеңдер. Осы қарқыннан таймаңдар...

Құттықтаушылардың бәрінің де үні осылай қатар естілді. «Қарқынды үдетіңдер» деп түр қайсы болмасын.

Комбайншылар дала кемелеріне отырып, тағы да тартып кетті. Тоқтауга уақыт жоқ. Қын қабағы ашың тұрғанда өндіртіп тастағылары келеді. Иркілмей ұмтылысады. Өздері де ораққа барын сала сайланған екен. Комбайндары мінсіз зыр жүгіріп әлі бір тоқтаған жоқ. Өздері де үйкі-күлкіні ұмытқап сияқты. Түні бойы үш комбайнның жұбын жаздырмай гүжілдетіп келеді де, таңертең көмекшілеріне тәптештең, тағандап тапсырады. Түске дейін бір мызың алады

ші, түстен кейін тағы сол комбайндардың маңайында жүргендегі. Немесе үшеуінің біреуі комбайнан қырманға астық таситын тракторшының орына отырағы. Осы ырғақтан әзірше бір жаңылмай келеді. Бейне бір ұлы сарыны ұлан дүниені тербетіп, дағаны теңсөлтіп тұратын майдан өмірінің кейбір аласапырап тұстарын еске тұсіреді.

Көмекші жігіт Сергей Лучкиннің тосын сұрағы бойларын дала желі қақтап мына батыр тұлғалы дікін достарын тұтегел елең еткізді.

— Бізде демалыс деген болмай ма? — деді ол.

Тұргандар тіс жарған жоқ, тек «мынау не деп түр?» дегендегі жан-жақтарына таңдана қарасты. Бара-бара көздері шарасынан шығып кете жаздаң үнсіз «өзінің есің дұрыс па?» дегендегі.

— Шаршадың ба? — деді біраздан соң барып Жақсылық. Басқалар үндемеді. Жақсылықтың даусында жас жігіттің мына шыдамсыздығына қынжылған сыйдай бар.

— Шаршағаным жоқ, бір шаруа бар еді.

— Ол қандай шаруа? Орақ кезінде не қылған шаруа ол? — деп звено жетекшісі басын шайқады.

— Он бес күн демалыссыз еңбек еттім ғой.

— Эх, Сережа, Сережа... — Телегей теңіз астықты ақтарып тастап қалай дем алмақсың?

— Маган жарты күн де жетеді.

— Бізге бір минут қымбат, Сережа.

— Шаруам оте тығыз еді.

— Ол не шаруа? Айтшы езі?

— Досым үйленуші еді, — деді Сергей Лучкин күмілиши.

— Мұнысы шесі тағы? Орақ кезінде комбайнды тоқтатып қойып кім той тойламақ!?

— Барамын десеп қайтеміз, бар, — деді Жақсылық қатқыл үнмен.

Сергей Лучкин звено жетекшісінің рұқсатын алғанмен алды-артына қарамай жүгіре жонслеген жоқ.

Ұстазы Кәкенді егін-жайға шығарғанша комбайның қасынан шықпай жанталасып комектесумен болды. Ол өзінің жаңағы сұрауының оғаштығын енді гана түсінген тәрізді. Түсінгендігі шығар, жуық арада қозғала қоймады.

— Ау, сен тойға бармаушы ма едің,— деді бір кезде Жақсылық.

— Ойланып-ойланып қойшы деп тұрмын,— деді Сергей.— Расында да орақ кезінде тойға келмедің деп маган ренжіп қоймас, қайта орақты тастап кеткениме ренжитіп шығар. Соны енді түсініп тұрмып, Жақсылық Шакирович.

— Оның жақсы екен. Ал егер барғың келсе бір жолға қысылмай-ақ қой бар. Рұқсат.

— Раҳмет...

Дала кемелері жүзіп барады. Звено мүшелерінің маңдайларында жап-жалпақ көзілдірік, үстеріпде қалың киім, аяқтарында батпандаі керзі етік. Тастүйін. Құз салқынын елер түрлери икек. Жойқын жорық олардың жүздерін де сұтып, қабақтарын қатырып тастаған ба дерсіз.

Олар алтын дәнді терістікten сұық соғып, қар түскенге дейін жинап алды. Комбайндар қайтқан қаздай тізіліп ауылға оралғанда олардың алдышап совхоз директорының озі шығып:

— Жақсылық сен сертте тұрдың. Сенің звеноң облыста бірінші болып 49400 центнер астық бастырды,— деді құттықтаап.

Міне бұл нағыз еңбек жеңісі еді. Жақсылықтың озі де балаша қуанды. Оның есімі ілездे облыс колемін шарлап кетті .Талай-талай алқалы жиындарда, атаулы мерекелерде Шәкіров фамиллясын елдің алдымен атап жатты.

Шеберханада жүрген Жақсылыққа парткомнан телефон хабары жетті. «Кешкі салтанатқа Шәкіров звеноосы түтег әкелінсін»— деліпіпті. Мұны естігей еңбектес серіктөрі қуашыл лебізіп білдіріп жатты.

— Орақта біріші орыпды бермен едіпдер, бас бәйгепі сендерге тапсырайып дегеп гой...

— Қайырлы болсын. Жыл сайын осылай бас бәйгепі бермейтіп болындар.

— Өзі де солай болып жур емес пе?

— Бұл совхозда сендерден озғаш ешкім жоқ.

— Совхозды айтады гой, ауданда жоқ демейсің бе?

— Не дейді?

— Биыл облыста озып шыққап жоқ па?!

Шеберханадағы жондеушілер осылай кеу-кеулесіп қалды. Жақсылық биязы қалпымен басын ғана изеді. Онысы осындағы жүрек жылытар иті тілектерге білдірген алғысы болатын. Ол шеберханада басқа цехта жұмыс істеп жүрген Қәкен меп Сұлтапды тауып алтып, мәп-жайды айтты. «Диқандарга ариалған мерекелік кешкे» баруга әзірленуді отінді.

Бұлар уәделі уақытта мәдениет үйінін алдында кездесті. Үш комбайншы: Жақсылық Шәкіров, Қәкен Мергенов, Сұлтан Тілемісов және олардың үш комекшілері: Тұлкібай Өтеулин, Сергей Лучкин, Василий Рогачев. Алтауы одаша шоқталып тұр еді. Осы арага жиналыш жатқан жүрттық жаңары бұларды бір жапап отеді. Қызыға қарасатын сияқты. Жұптары жазылмай шық тіресіп тұргап қалыптарының озі күз қарбаласын, қауырт қүндерді, құрыш қайратты еске түсіргендей болатын. Әсіресе жастар жагы мәз-мейрам. Олар диқан еңбегінің қызын-қыстау шақтарында шыңдалып шыққандарына, ағалардың оқшесіп басып, сепімді қолқанаты атаңгаптарыпа мәзмайрам.

Қоңырау соғылды. Орақтың ойдағыдай аяқталуына орай ұйымдастырылған бұл кешті еткізуге совхоз басшылары, активистер, әуесқой артистер өзгеше ыждағатпен дайындалған еді. Жан-жаққа, тіпті үлкен қалаларға арпайы адамдар жіберіліп, сұблі сыйлықтар да әзірленіпті. Енді міне сол әзірлік шағаты көпшілік көңіліне нұр болып құйылғандай. Шіркін, осындай қуаныштың жөні болек сәттер-ай, десеңізші.

Басқаны қайдам, әлгі арпайы шақырылған үш жігіттің мерейлері үстем. Жұздері жайнап, айналасып дағы жұртқа құле қарайды, қуана қарайды. Осы бір сәт копшіліктің оларға дегеп ілтипаты да ерекше еді.

— Кәне, ішке кірейік. Қоңырау соғып, шақырып жатыр гой,— деп Жақсылық бастағап алтау залға беттеді. Мәдениет үйінің іші де жарқыратада жасандырылыпты. Жөсің белгісіпдей алқызыл тулар, ленталар, алтып масақтар, жайнағап гүлдер козге оттай басылып, тұла бойда ыстық сезім тұлатады.

— Орақ озаттарының орпы апау торде, ал Жақсылық сен сахнага котеріл. Президиумға отырасың,— деп кепті басқарушылардың бірі бұларды қызыл лентамен айпала қоршалған алтыңғы қатарға жайгастыра бастады.

Кең залдың іпі лықа толып, жұрт орындарына жайғасып болғап кездे салтапат қызығы басталып та кетті. Совхоз басшылары соз алып, орақ озаттарының аттарып атады. Дұыллата қол соғытып жатты. Қоғілдір экраннап көп корсетілетіп кештердей-ақ керемет ұйымдастырылғап екен. Осының көп жүректі толқытып, шіркін көздерді қуаныштан қуанышқа болейді. Диқанының жеке озіне, немесе звепосына жылы лебіз айтылған соң сол қошаметтің нұр шағатында болып ән тогіледі, күй күмбірлейді, би білепеді.

— Жақсылық Шәкіровтың звеносына облыста үз-

дік шыққаны үшін бас бәйге беріледі!— деді совхоз директоры Журавский.

Дұылдата қол соғылды. Президиумда отырған Жақсылық көпшіліктің алдына шықты, ал залдан котерілген Сұлтан, Кәкен оның қасына барды.

— Звепо жетекшісі және негізгі комбайншылардың әр қайсысыпа бір-бір түрлі-түсті телевизор, ал комекшілерінің әр қайсысына аттары жазылған қол сағат беріледі,— деп Журавский Жақсылықтан бастап бәрінің қолың алыш, құттықтап шықты. Жұрттағы жапа-тармагай сатырлатып қол соғып жатыр.

— Жақсылық Шәкіровтың звеносына әннен сәлем жолдаймыз!— деді осы кездे саңқылдаш үн қатқап әнші жігіт. Сол-ақ екен әсем әп қалықтап жүріп берді.

Шәкіров ой жетегінде. «Осындай кештер керек-ақ»,— дейді сүйсіне. Тың тосінде еңбек дабылын соғып жатқап қаһарман адамларды әсем әнмен, тәтті күймен сүйсіндіргенге не жетсін. «Тұрмыс көңілді болса — еңбек те онімді» деп, тегін айтылып жүрген жоқ қой. Мына жас жігіттер діқап еңбегінің құышығымен қатар қуапышып да көрсіп. Осындай думалы қызық діқап өмірінің сәні емес пе?! Көрсін бұлар қызықты. Шіркін, осыларды дікап қатарына да осындай құрметпеп қабылдауды ұйымдастырса. Басқа совхоздарда солай істеліп жүр деп естімін. Бізде де солай етсе. Өмірі ұмытылmas оқыға болар еді-ау. Совхоз басшыларының ескермей жүрген бір нәрсесі осы-ау. Еске салайынши. Дәстүрге айналдыру керек-ақ...»

Тамаша кеш қызығы тарқар емес. Жұрт жабыла билеп жүр. Сергейдің қасында тұрган бойжеткең Жақсылықты біле шақырды. Қоғілі қуанышқа толы діқап қыз қызығына риза пейілмен раҳмет айтты да, дөңгеленіп билеп кетті.

Арада төрт жыл етті. Солтүстік өңірдің қатты қысы қаһарына мінгел кез. Алдымен жапалақташ қар жауды, артынаң ақборан түтеп берді. Қазір қыс көрпесі қалыңдаш қалған шақ. Диқан қарекеті тағы да қауырт. Дала төсінде мотор үні құні-тұні бір сонбейді. Жазда, күзде, көктемде осылай еді. Енді мінс қыста да солай. Гуілдеген ұзақ сарын аязды ауаны дірілдетіп тіпті тынбайды. Апыр-ай, диқан шіркіпдерге дамыл жоқ-ау. Бұлар бір дүлдүлдер, дүлдүлдер гой даланы дүбірлеткен. Егін жарықтықтың шықпасына ерік бермейді де. Жазды айтасың, міне қысыңда да қарап отыра алмайды, қар тіліп, көң төгіп тері сорғалап жүр сабаздардың. Еңбек осылардікі. «Жұрт жаурап, қолын қайда тығарын білмей жүрсе, бұлар жүздері нарттай жанып лапылдайды», — деседі ауыл адамдары сүйсіне.

Жақсылық дала алыбы «Кировецпен» егістікке қар тоқтатуға шыққан-ды. Комбайшдарды түгел таптүйнақтай тағандап, әзірлік сапына сақадай сайлы етіп қойғаннан кейіп алтауы алты жаққа тарасып кеткен. Шаруашың ыңғайы солай орайласты. Звено жетекшісі тракторына, Сұлтан мен Кәкен бастагаи илас жігіттер мал фермасына тартты. Олар енді коктемгі егіс кезінде бас қосып, тізе біріктірмек.

— Қыскы таң көбесі сөгілмей жатып-ақ үйден ертелеғіп шыққан Жақсылық шеберхана ауласына келіп «Кировецті» от алдырганда тоқірек әлі түи қараңғылығынаң серніле алмай тұрган еді. Құп аязды. Бет қарыған үскірік шаңытып тұр. Басқан же ріп сықыр-сықыр етеді. Ол кабинага котерілмек болып, қолын соза беріп еді, артынаң дауыс шықты.

- Жақсылық, тоқтай тұршы!
- Бұл қайсы таң атпай жүрген.
- Мен гой, мен.
- Ә, агрономбысың?

- Иә, мен, мен...
- Асығыс келесің той? — деп Жақсылық бұрылышп, артына қарады.
- Сізді облысқа шақырып жатыр, парторт гйтты.
- Қашанға?
- Ертең жүресіз. Машина дайын деді.
- Қинаалыс па екен?
- Сірә Нөкшетау облысымен жарыс шартына қол қоятын көрінесіз. Жинаалыс та болатын шығар.
- Білемін. Анада айтқан...
- Кеше егістікте болдым. Қар қалың екен, — деді агроном.
- Аязда қар қатып тұрады, тілуге жақсы. Атжайлдар біл болып түседі, әрі нығыз болады. Ылғал деген осы!
- Қазір қардың қалыңдығы 30 сантиметрге жеттіп қалды-ау. Екі реттен, біраз жерде үш реттен қар тоқтатса 60—70 сантиметрге дейін көтерілер еді.
- Болашақ өпім деген осы той, — деді Жақсылық агрономға. — Басқа құпия сырды мен білмейміп. Еңбек сіцирғен жердің ошімі оз бітімімен болек болыш тұрады...
- Дұрыс айтасыз, Жәке. Дұрыс айтасыз. Ал жолыңыз болсын, — деді агроном асығып тұрган діқап-ды бөгегеніне қысылып.
- Сол-ақ екен Жақсылық темір тұлпарына мішіп, егіс алқабына қарай тартып кетті.
- «Тарлан десе тарлан-ау осылар. Аязды — аяз, боранды — боран демейді. Жосылтып тарта береді. Қажуып да, қалжырауып да кормейсің. Диқан жүртты осылай қимылласа керек. Иә, олар осылай үмтыйлmasa, осылай жанталасиаса мол онім қайды?!» дейді озіне-озі жас агроном алып «Кировецті» алысқа ұзатып тұрып.

Осы кеткенипеп ол үйге кештетіп келді де, таңдертең тағы да ерте тұрып жолға жинаалды.

— Қайда бармақсың? — деді жұбайы оның мұнысына таңырқап.

— Облыска.

Жағдайға енді түсінгендей болған ол Жақсылықты жол қамына асығыс әзірлей бастады.

Жақсылық Октябрь Революциясы мен Епбек Қызыл Ту ордендері тағылған костюмін үстіне киген кезде, үйге алқынып агроном кірді.

— Жәке, тұра Москваға да тартатын болдырыз...

— Не дейді?

— ВДНХ-га барасыз... Кормеге қатынасасыз...

— Жөн, жон,— деді Жақсылық.— Москваға бармаганым да көп болып еді. Барайық. Ал, бірақ егістікке қар тоқтату бір күн тоқтатылмасын.

— О не дегениңіз. Тұлкібай мен Сергей сіздің орныңызға бүтін барады. Ертеңдең бастап егістікке көң төгеміз...

Жақсылық кіпініп, сыртқа шықты. Мұны күтіп тұрған шофер жігіт асығыс есік ашты.

— Ал жол болсын.

— Раҳмет. Егістік жер шесіз қалмасын.

Жақсылық агрономға қарады.

— О не дегениңіз. Айтқаныңызды айналтпай іс-тейміз,— деп жатыр агроном жігіт те ағынан ақтарылып.

Машина орнынан қозғалып кетті. Жақсылықтың жары үйге кірмей көпкө дейін сыртта жүріп алды.

Жаңбырлы тұн

Екінші күп қатарыпаш қара жапбыр топелеп, күз қабагы томсара тұнжырап қалған шақ. Аспан аясы қорғасын бұлтарға кептеліп қалыпты. Кешелер тіппі тұтасып, орман басын шала жер бауырладап, ірі тамшылармен дамылсыз осқылаш-осқылаш согыш еді. Ауғандақ көшелері колкіп, айшала сел болып кетті. Тұн бойы толас таппай, үйлердің темір шатырларының тасырлатып, топелегендегі тіпті бірер күннің бедерінде етек-жекеңін жинамастай көрінген-ді. Бұған міне, таңтертеңен бері бұлтардың бауыры тартылыши, жоғары көтеріліп барады. Жаңбыр сұзы да тез сіңіп, жоқ жиегіндегі шұқырларда гана жылтыраган шалшықтар қалыпты. Жер беті ірік-ірік стіп жатыр. Таңан тиген түсқа опырайып із түседі. Айнала саз.

Ауыл үсті де жым-жырт. Күнде бұл уақытта мотор гүрілі тыным таппай қырман жақ қым-қуыт болып жатушы еді. Жүк машиналары да соңында шаң үйіріп ерсілі-қарсылы ағылып жүретін. Қазір соның бәрі сап басылыпты. Жаңбыр жарықтық айналадағы тірлікті түгел түсап тастаған тәрізді. Көшелерде де қыбырлаған жаң жоқ. Бәрі де мыша лайсаңда аяқ алыш журуден қоргалықтан отырган белгілі жай еді. Сазда сүйретіліп, тайғапақтан өуреге түсуге кім құштар дейсіз. Жердің дегдіуін тосяқап тағатсыз тірлік түтіні әр шаңырақтан байқалады. Қоралардың қақпалары ашылып, есіктен қыбырлаған адамдардың тұлғасы көрініп қалады. Біреулер үйінің алдына шы-

тып айнала көз салып қыбыжықтап тұрады да, бірекі атташ барыш, батпаққа былғанбайын дегендей кепі бүрлады. Қарағаш ауылы жаңбыр әлегінен әлі едсе көтере алмай тұр осылай.

- Енді жел тұрса екен.
- Мына бұлттарды ыдыратада қуса.
- Осылай тұрса, кешке дейіп жер дегдіп қатады,— десіп кеңсе маңыпда үйрілген ауыл адамдары мезгілсіз келген жаңбырга оқішіш білдіріседі.
- Бір-ақ күндік егіп қалыпты гой.
- Е, жаңбыр болмаса, кеше орақ бітіп, бүгіп тойлап жататын едік.
- Мына қырсықты қарашы. Ана Қадыржан қаспақты жасында коп жеген гой.
- Серікбай да құр қалмагапга ұксайды.
- Ол кездे қаспақтан басқа не жеуші еді.
- Сол Серікбайлар соғыс кезінде соқа ұстаган жоқ па? Содан бері техникадан бір айырылған жоқ.
- Темірдің арасында жүріп өзі де темірдей болып есті ғой.
- Шаршауды білмейді тегі.
- Комбайнмен түпі бойы жүріп келіп, коз шырымын алады да, комбайнға тағы отырады.
- Жалғыз Серікбай емес, комбайпшылардың бері солай қазір.

Аспан қабағып багып, айнала төңірекке коз жіберіп тұргап ауыл адамдары комбайншылар атына осыпдай лебіздер білдіріп жатыр. Бірінің сөзін бірі қағып алып, әрі орбітіп әкетеді. Бұлар кеңсе алдында әр түрлі шаруашылардың мен бастары тоғысқан адамдар болатып. Мұғалім де, малшы да, дәрігер де, кітапханаши да осында. Солардың қайсы болсын әйтекүір ораққа қатысты мәселе мен кеңсені төңіректен жүр.

- Қос басына баратып көлік ізден жүрміз,— деді кітапханаши мен дәрігер.

— Қырманға көмекке барушы едік. Соның уақытын келіспесек,— дейді мұғалім.

Бірі директорды, бірі парторгты, бірі бас агрономды тосқан қалыптары бар. Бұлар да күн райының кенет бұзылуына ренжулі реуіште. Кейісті қабактары, солғып жүздері, аяқтарының сазын қырғыштаған самарқау қимыл қозғалыстары соны ағартады.

Шаруашылық басшылары тіпті тұнеріці. Мана қарағызы ыдырамай тұрып осында жиналыш еді. Директор ауданға шұғыл жүріп кетті де, мұндағы шаруауын партия үйімінен секретары Мәнәп Байматов пен бас агроном Нұрмаш Әбішов басқарып қалды. Енді қазір бір кабинетте телефон басында отыр. Мәнәп ауданмен сөйлесіп соңғы мәліметке қанықтырып жатыр.

— Бір күндік жұмыс қана қалды. Директор сіздерге кетті. Құн ашылса іске кірісеміз,— дейді. Соңан кейін үн жоқ. «Иә, дұрыс» дегеннен басқаға тілі келмей қалды. Ол трубканы орнына қойған соң барып, қабағы кірбіндікіреп Нұрмашқа қарады.

— Бірінші секретарь твой. Бір күнге қалай кешіктіцдер деп кейіп жатыр.

Нұрмаш таңданғандай пығын котерді.

— Біз кінәлі емеспіз твой. Жаңбыр қүйип кетті, не істейміз?

— Жаңбыр, жаңбыр деп жаңбырға жаба салуға болмайды. Біз де кінәліміз твой. Оны мойындауымыз керек. Бұлталақтаганмен бола ма? Құн жарқырап тұрды твой. Орақтың басында машина жетпеді деп үш комбайнды қарап тұрғыздыцдар. Сондайлар қол байлады,— дейді бірінші секретарь.— Ауа райы бұзылғалы тұр. Қалған егіпді бір масақ қалдырмай жинап алыңдар,— дейді. Иә, жинау керек. Қар астында қалдыруға болмайды.

— Біздің жер егіншіліктің тәуекел аймагы, бұл жерде табиғаттың түрлі тосқауылын тосуға болады,—

деп бас агроном ғылымп тұжырымын алға тосып еді Мәнәп оған келісетін ыңғай байқатпады.

— Әзірше барлық тосқауыл ұйымдастыруда болып тұр. Өз кемшілігімізді озіміз мойындауымыз керек, істі сонда тез түзетеміз.

— Қалай түзетеміз?

— Қар астында, батпақ үстінде бір масақ қалдырымаймыз. Ендігі міндет осы! — деп партия үйымының секретары орнына көтеріле берді.

Агроном да орнына тұрды. Екеуі үнсіз бір-біріш қарап, біраз тұрып қалды. Ойлары сан саққа жүгіріп, алуан амалдарды қарастырган сыйайларын аңгару қын емес-ти.

...Кенет осыдан жарты ай бұрынғы оқиға екеуіншің көз алдынан мына аспанды торлаған қалың бұлттай жылжып өтіп жатқандай болды. Сондағы айтқандары мен уәделері құлақ түбінде қайта жаңғырып, жүздерін тағы да дуылдатып откендей. Орақтың нағызың қарқын алған қызу шағы болатын. Ленин аудандық партия комитетінің бірінші секретары осы мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің орталығы Қарагаш ауылына әдейі келген екен. Мәнәп пен Нұрмашты су жаңа ақ «Волганың» артқы орындығына отырғызып алды да, егін алқаптарын арапап кетті.

— Был ерлеп тұрсындар, егіндерінді тағы бір көрейін, — деді ол. — Ал агроном жолдас есептерінді айта отыр.

Ол артына бұрылып Нұрмашқа қарады. Бас агроном да осы бір сұрақты тосқандай орнына қозғалақтап, даусы анық естілуі үшін ілгері ұмтылыңқырады. Қалтасыпдағы әр беті цифра толы блокпотышада қараган жоқ, сүйлдатып сап қылды есептерді жатқа соға бастады. Секретарь басын изен, құпташ разы болып отыр. Машина ауылдан ұзаң шығын, егіппің нағызың қалың пүниша қатарласа тоқтады. Секретарь шоферіне шара жасап, иегін қаққан-ды. Үшеуі са-

ры күрең тартып қалған қалың егіннің ортасына кіріп, қызыға қарап тұр.

— Мынадай егін маңдай тердің зейнеті емес пе. Қуануға болады,— деді секретарь Мәнәп пен Нұрмашқа кезек қараап.

— Қашшадан аласыңдар?

— Гектарынан 25 центнер.

— Ысырап болмаса 30 центнерден де аласыңдар,— деді секретарь.

— Ысырап болмайды. Бір дәнді, бір масақты иерде қалдырмаймыз!— деп еді-ау сонда Нұрмаш.

Кабинетте екеуі ғана. Өлі үнсіз. Тұйыққа тірелгендей тығырықта.

— Не істейміз?— деді бірінші болып Нұрмаш.— Үәдені беріп тастаймыз да, осында қысыламыз той. Мына қырықты қарашы.

— Екеуміз бірдей үәдемен байытып едік,— деп Мәнәп та бет-аузын сипалап қойды. Құлғені де, репжігені де белгісіз.

— Осылай күп ашылып кетсе, кешке дейін жер дегдіп қалар еді-ау!— деп бас агроном терезеге бұрылды.

— Қазірден бастап бәріміз комбайнның қасында болуымыз керек. Жер дегдіп комбайнның доңғалағы айналса болды жүреміз. Егінді қалдырмаймыз.

— Десте дымқыл болған соң барабан қақалады той.

— Қақалса тазалап отыру керек. Ұақытты босқа өткізуге болмайды әсте.

— Иә, сейту керек.

— Бас инженерді шақырайық,— деп Мәнәп қоңырауды басты. Секретарь қыз корініп еді:— Бас мамандарды шақыршы,— деді.

— Бас мамандар ілеңде-ақ патрномға жиналды, Мәнәп бәріне жағдайды қысқа ғана айтып берді.

— Бәріміз де дала қосына барамыз. Тұні бойы сонда боламыз!— деп бітірді.

— Комбайндарды сыпдырамыз гой,— деп бас инженер қиналды.

— Егінді қалай жинап аламыз деп қынжылу керек. Сынған комбайн жөнделеді. Жөндеушілер де тапап басында, комбайн қасында болсын. Ал, жиппалуымыз керек! — деп Мәпәп орпыпаш көтерілді. Басқа ешкім де үздеген жоқ. Бәрі де ортақ майданың заңына бағынып, кабинеттен тез шығып, аяқтарын асыра басып бара жатты.

Түсke жақын көк жүзін торлап сірескен қалың бұлттардың көбесі согіліп, жел котеріле бастады. Анила-санда күн көзі көрініп, бұлт арасынан сығалап қояды. Әйтсе де жаңбыр исі әбден айығып кеткен жоқ. Көкжектен қара бұлттар көрініп, кей-кейде ашуын тарқатып, сесін сарыққандай сіркіреп-сіркіреп өтеді. Ондайда «Қап, мынау қайтер екен, ә...ә...» деп, опрымдаш қалады диқан.

Дала қосында жиналған комбайншылардың бәрі де көрсеткіш тақтасының алдында тұр. Орталарында бас экономист Гүлнар Әбдірахманова. Ол ораққа қатысушыларға еңбекақы туралы әңгіме шертіп, материалдық ынталандыру жайын айтып түсіндіреді.

— Мына Серікбай жақында бір күнде бір өзі мың центнер астық бастырды. Міне, сол күні Сәкец қанша еңбекақы тапты, соны айтып беріші, қалқам,— деді егде механизаторлардың бірі. Екі беті нарттай жанаңып, жанары жалт-ижүлт еткен Гүлпар ашық дауыспен еркін сөйлей бастады.

— Есептеп көрейік. Кәнекең тыңдаңыздар,— деп бас экономист жүрттың тынышталуын тосқаңдашай оң қолын сәл жоғары котерді. Тұргандар тыңа қалысқап.— Сәкец бір күнде бір мың центнер астық бастырды дейік. Енді осы сәбек үшіп толенетін аңызың іжілікten жіктең көрейік. Алдымен мың центнер астық бастырганы үшін 24 сом 15 тышды бір алады. Ал мың центнер шамамен 41 гектар егістікten жиналады, яғни 41 гектар жердің дестесін бастырганы

үшін 8 сом 20 тыныды екі алады. Әр комбайнның маусымдық нормасы — 4500 центнер астық бастыру. Ал комбайншы 4500 центнер бастырганнан кейін, иғни маусымдық нормасын орындағаннан кейін оның арғы жағында тапқан еңбекақысы сыйлықақы ретінде тағы 100 процент үстемеленіп толенеді. Мәселен, әлгі комбайншы 24 сом 15 тыныды бір, 8 сом 20 тыныды екі алса, сыйлықақы ретінде осы екеуінде қосындысы — 32 сом 35 тыныды үш алады. Бұған екі норма орындағаны үшін жалпы күндік табыстың 40 процентін, бірінші класты механизаторлығы үшін 20 процентті тағы қосыңыз.

— Oho.

— Қосыла береді ғой.

— Шіркін-ай, еңбек етсең, берері де мол-ау,— десіп механизаторлар дуылдаш бара жатыр еді, бас экономист бор ұстаған қолын тақтадан ажыратшай, «саспацыз, тағы бар» дегендеги жұртқа қарап, тыштық сұрады.

— Тағы да бірдемесі бар болды ғой.

— Бар,— деді экономист.— Бір күнде мың центнер астық бастырган комбайншыға 25 сом сыйлық штурвалда қолма-қол бірден тапсырылады. Оның үстіне Секең мың центнер дән бастырганы үшін облыстан 50 сом сыйлықты тағы алгалы отыр.

— Соңда бір күнде қашша болады?

— Қебейіп кеткес жоқ на?— десіп, тұрғапдар коп цифрлардың қосындысын білуге асықты.

— Мінекең, соның беріш есептесек — 154 сом шығады — деп, Гүлшар диңгеш едебегін мақтан еткендей айшала коз жүгіртіш шықты.

— Пәлі!

— Мәссекап!

— Шырқап кетті ғой,— дескеп дауыстар шығын жатыр әр жерден.

— Мың центнер астық бастыру да оңай емес.

— Әрине, оңай емес.

— Биылдыққа Секең ғана бір мың центнер бастырган жоқ па?

— Жылына бір кісі. Қөп болса екі кісі. Әзірge, Секеңнің алдына түсіп тұрган жап жоқ.

— Ал, мынадай жаңбырлы күнде нормамыз қалай болмақ?

— Бүгін міне дымқыл жердің егінін жинағалы тұрмыз. Осындайда күніне бір-ақ гектардың дестесін бастыруымыз мүмкін.

— Айтпақшы соны да біліп алайық та.

— Оны да ойластырып отырмыз. Жаңбырлы күнде ескеріледі,— дейді Гұлнар.— Қалай да диқандар еңбегі елеусіз қалмауы керек.

— Е, бәсе...

Осы кездे сонадайдан бұларды бетке атып келе жатқан ГАЗ-69 машинасы көрінді. Қара жолдың жентек-жентек балшығын аспанға атып, машина өзөр-ақ келеді. Жолдың ой-шұқыры олай бір, былай бір толқытып жібереді. Бұл бас агрономың машинасы еді. Рульде — Нұрмаш, қасында — Мәнәп. Екеуі біраз алқаптарды орап, енді қос басына бұрылған беті.

Механизаторлар звено-звено бойынша үшке бөлінген. Біріншіні — Қадыржан Есматов, екіншіні — Серікбай Жаңымұханбетов, үшіншіні — Жұмаш Кәрменов басқарады. Үшеуі де шаруашылықта ғана емес, ауданды үздік шығып, көзге түсіп жүрген майталмандар. Қайсы болсын еңбек көрсеткіштерімен, қол жеткен пәтижелерімен алға суырылып шыққан орденді саңлақтар.

Диқан жігіттердің сайдауыттай сайланған мына қайратты қалпын, жігерлі жүзін көрген партком секретары мен бас агрономың да қоңылдерінде нық сепім орнағандай еді. Механизаторлардың дәл қасына келіп тоқтаған жеңіл машинаның есіктері сарт-сұрт ашылып, Нұрмаш пен Мәнәп алдымен көрсі етіктегін көсіле, аяқтарын сыртқа шығарып барып, қор-

баңдаң жерге түсті. Үстерінде қалың күім. Тұғі қарбаласқа қапысыз қамданған қалыптары бар.

— Иә, халдарың қалай? — деді әуелі Мәнәп.

— Қоріп тұрсыздар. Бүйрық құтудеміз, — деді Қадыржан Есматов. — Егер түн ортасына дейін күн осылай ашық болса, жер дегдіктін шығар. Тұнделетіп иүріп кетеміз.

— Сөйтүіміз керек, — деді Нұрмаш та.

— Қазір онда комбайншылар тамақтанып алсып да агрегаттардың басына барсын. Соңда болу керек. Титтей мүмкіндік болса қыбырлай беру керек, — деді Мәнәп.

— Жер дегдісе-ақ машниамен жетіп бармаймыз ба? — деді комбайншылардың бірі.

— Қазір бару керек, — деді Нұрмаш. — Жетіп ба-рамыз деп жүргенде жолда қашшама уақыт отеді. Бізге қазір бір минут қымбат. Не болса да штурвалда тұру керек.

— Жақсы онда.

— Солай болсын.

— Комбайнды шұқылап реттей берейік те...

— Иә, сойтейік те, — десіп комбайншылар да ма-кулласып қалған.

Комбайндар іргелес алқаптарға тоқтаған-ды. Бір-бір дестені шетінен тұртіп келе жатып, жаңбыр тұсаған тұста қаңтарылып қаңқыған бәрі. Қазір бұрынғы-дай шалғыны көтеріп алып, қосқа қарай шапқылайтын әдет қалғап. Комбайн тоқтаған жерінен қозғалмайды, мұндайда комбайншылар дәп тартатын машниамен баспаана жетеді. Қазір міне, механизаторлар тамақтанып алған соң оздеріне бесітілген иүк машиналарымен комбайндарына тартады. Тағы бір қауырт аттанаыс тұр. Соңғы гектарлар үшін шайқас бұл.

Диқан қауымы табигат тосқауылына өз шеберлігін, қайрат-жігерін қарсы қоймақ. Бұл аттанаыстан ешкім де шет қалуға тиіс емес. Бәрі де үйымшылдық, іскерлік, төзімділік көрсетуге тиіс.

...Түп. Қою қараңғылық көз байлаған күзгі салын түн. Құндіз жел қақсан қыраттардағы дестелер кебуге жақын. «Әлі су, енді бірер сағат сорғыса барабанға тоғытуға келіп қалар»,— десіп комбайншылар бір-біріне үн қатады.

Егін жай басы өзгеше бір көпіл қүйді тапытқандай. Комбайндардың қаңқасы қараңдарап қауқып көрінгенмен қыбырсыз сұлық түр. Әр комбайнның жағында бір-бір женіл машинаның жарығы көзге шалынады. Трактор-егіс бригадасының бригадирі Амантай Қайыржанов та осында. Машинасы реттеуші-шеберлердің будкасының жағында қаңтарылуы түр. Онда екі шебер жөндеуші коз шырымын алып, қалғып-мұлгіп отыр. Соңдарында сварқа тіркемесі және бар. Жас комбайншылар да осында. Үйқыны ұмытқан елгезек кейіпте.

— Қозғалып корсек қайтеді?— деді бір кездे Нұрмаш Мәнәпқа қарап.— Біраз уақыт болды ғой...

— Дестелер кепкен болар...

— Байқап көрелік,— деп Мәнәп пеп Амантай да опы қостап, комбайнпігі бет алды. Бұлардың қараңдағап бейнесіп корген Серікбай да «Москвичінеп» шықты.

— Дестепі кореміз бе?— деді ол қарсы жүріп.

— Байқасақ қайтеді. Білдайлың лымқыл болғапша көпіл тұрмыз гой. Тек жиппап алу керек. Кептіріп алу қып емес қой,— деді Нұрмаш

— Жарайды онда. Шіркін-ай, сұық түсіп десте қатса гой мұндайда. Бааяғыда...— Серікбай откен бір күпдерді еске алады,— қар үстінде жишигапбыз. Ол қын емес екен. Барабап қылғыта береді. Бидай сатырлап ұшып жатады. Тек аязда дәп соғылып жарылып кетеді екен.

— Ызғар болғашмеп қатырып тастайтын аяз жоқ бүтіп. Осының озінде жүріп корейік,— дени бригадир Амантай Серікбайға комектеспек болып комбайнпігі қараң жонелді. Бұлардың жарығын корген соң бас-

қа агрегаттар да жарықтарын жағып қозғала бастады.

— Нағыз қалың егіннің соңында қалғанын қарашы,— дейді Мәнәп дестелерді аударыстырып жатып.— Дымқылдау екен. Бірақ жинап алу керек. Осындай егіндерді ерте жинау керек еді?— Ол қасындағы Нұрмашқа қарады.

— Бұл егін көпке дейін піспей тұрды той. Пісүі жетсе мұншама кешіктірмеген болар едік.

— Шіркін, мына жердің егіні-ай.

— Отыз центнерден береді-ау,— десіп тұрганда тұнып тұрган түн тыныштығып мотор үпі бұзды. Алдымен біреуі, одан соң екіншісі, үшіншісі оталып, барлығы он бестен аса комбайн егін жайды дүрліктіріп, қуатты үнемен гүжілдеп алға ұмтылды. Жұк машиналары да жарықтарын самсатып, қылыштай откір сәулесімен түп құшағып олай-бұлай тілгілейді. Бір сәттің арасында егінді алқап жорық шебіне айналып жүре берді. Мына қаптағап жарық, моторлар үні, машиналар қозгалысы, адамдар қарбаласы — бәрі үйлесіп, бір қуатты ырғаққа ұласып, бүкіл дала түнін тербеткен ұлы сарынға айналады. Құз бойы осы атырапты екіншілі дүбірімен лұр сілкіндіріп, тынымсыз еңбек күйіне болеген құлаққа жағымды ырғақ еді бұл.

Комбайшдар қозгалған бетімен жүріп кетті. Сырттай қарап тұрган жандардың жүздері жадырап, жашарлары жалт-жұлт ұшқын атады.

— Осылай тарта бер Секе, тоқтама!— деп алдымен бас агрошомның даусы қатты естілді.

— Секе, ілгері, ілгері тарт, тоқтама!— дейді Мәнәп та қолын сермен. Бар зейін-зердесі алдына қала-лып, томенинеп көз алмай отырған Серікбай бұлардың даусып да естімелі, өздерін көрген де жоқ. Екеуі комбайшмен қатарласып, біраз жерге дейіп қолдарын сермесін, бірдемелер айтып барып тоқтады.

— Амантай, сен осы маңда бол. Секеңе көмектес.

Біз Қадыржанға, Жұмашқа барайық,— деп Мәнәп сиді бригадирге тапсырма берді.

— Жарайды,— деп бригадир де бірден келісе кетті.

Нұрмаш рульде. Машина жарығы қою түнді қақ жарып біраз жерді шарлап отеді. Теңкіген дестелерді көлденең ішін кеспей ұзыпа бойлап арғы шетіне дейіп орлеп барады.

— Қадыржан тоқтады гой, бізді коріп іркілді ме екен?

— Сойткес шыгар,— деп Нұрмаш машинаны со-лай қараїй бұрды. Бас агроном мен партком секретары комбайндардың ә дегенинеп екпін алғып жүріп кеткепіне қуанғанмен қөп ұзамай тоқтайтының да білген еді.

— Барабан қақалған болар...

— Иә, барабаның қақалғапы рас еді. Дымқыл десте полотномен алғашқы кездे бөгеусіз жылжып, біразга дейіп барабаннан шапшаң отіп тұрады. Бара-бара барабаның зырқылданап айналған білегіне дым-қыл сабан бір-бірлеп жабасып байлана береді. Келе-келе білік әбден сіресіп, шырышықталған сабанға кептеледі де қалады. Сөйтіп білік айналмай тоқтай-ды. Мынадай жаңбырда жіңі болатып кінәрат бұл.

— Аналар да тоқтапты гой,— деді Мәнәп басқа комбайндарды иұсқап.

— Енді осылай болады. Барабан қақала береді. Оны сүйменмен тазалап отыру керек.

— Бәрінде де сүймен бар ма?

— Бәрінде бар,— дейді бас агроном.

— Онымыз дұрыс болған екен. Комбайн тоқтап-тоқтап жұмыс істесе де егінді жинау керек. Апау комбайн белгі беріп тұр гой, бункери толды ма екен?

— Бункери толатындаид болған икоқ. Жұмаш қой. Сынған шыгар,— деді Қанат.

— Не дейді? Оңда сен солда тарт. Мен Секене барайын,— деді Мәнәп.

Нұрмаш келгенде Жұмаптың комбайнының білігі үзіліп тұр екен. Жұмаш төменде жанталасып білікті шығарып жатыр. Ал көмекшісі жоғарыда жарықты жынылықтатып көмек сұрап, белгі беріп тұр. Оны байқаған жөндеушілер тура сынған комбайнга тартты.

— Көрді. Келе жатыр,— деп көмекші жас жігіт томендеңі ұстазына айғай салды.

— Не болды?— деп осы кезде Нұрмаш та төменге еңкейе үцілді.

— Машинаның шамып тура түсірші. Мына үзілген білікті ағытып алайын,— деп Жұмаш шалқасынан жатқан күйі Нұрмашқа тіл қатты.

— Апырмау, қараңғыда не көріп жатырсың? Мен сені де көре алмай тұрмын. Қазір мен жарық түсіреріп,— деп Нұрмаш машинасына қарай асыға жөнелді. Бұлар жарықты туралап түсіріп білікті босатып алғанда техникалық көмек машинасы да жеткен еді.

Таң агарып, айнала жап-жарық болғанға дейін комбайндар осылай қымыл қөрсетті. Қадыржан, Сеңіркбай, Жұмаш сыңды тарландар штурвалда өздері тұрды. Білік сынса ауыстырады, барабан қақалса тазалады. Партком секретары мен бас агроном да осы істің басы-қасында жүрді.

— Қеңсеге барып мәлімет беруіміз керек?— деді Мәнәп таң әбден атқанда.— Қаша гектар қалғанын айтуымыз керек.

— Бітті демейміз бе?

— Демейміз. Шындықты айтамыз.

Көзі қызарып кеткен Нұрмаш ауылға қарай тартты. Тура кеңсеге келді. Қазір үйге бұрылуға да уақыты жоқ. Мұны диспетчер де тосып отыр екен. Келе «ауданды қос» деді.

Бул кезде аспанда бұлт тарқап, таң әбден атқан еді...

Намыс

— Эй, Төке, тойың бар екен ғой биыл,— деген дауысқа Мұстафин жалт қарап еді, құрдастарының бірі екен.— Был елуге келесің. Даңқың шығып дүниені дүрілдетіп тұрган шағында, шалқытып бір шалқар той өткізбейсің бе?

— Ә, ә...— деп, Төкеңнің қызыл шырайлы жүзіне күлкі үйірілді.

— Ер жасы елуді аттап алпыс атты ақсақалды ауылға бет бұрасың. Енді осы көк темірмен алысуды қоятын шыгарсың. Бір басыңа бақ-дәулетің жетіп жатыр ғой, Төке. Омырауың толы орден. Социалистік Еңбек Ерісің, партияның жырма бесінші съезінің делегаты болдың...

— Енді мені қарттардың қатарына қосайын деп пе едің, ей? Ертерек емес пе?

— Қанша қашқанмен көріліктеп құтылу жоқ. Төке. Тойыңды өткіз дүрілдетіп...

— Той болады, оған асықпа, досым. Ол тойдың да түтіні алыс емес. Бірақ кок темірді тұлақ етіп, тақымдағы тұлпарымды кемітпе. Міне отыз үш жыл осының жалына жармасын жүрген икоқпын ба?!— деп Төлебай Мұстафин құрдасының әзіл аралас пазына қисынды жауап қатты.

Машина ауласында «Ростовсельмаш» заводынан есімі жазылған су жаңа «Нива» комбайнның от алдырып, «жігіттер, мен кеттім» деді. Сол-ақ екен су жаңа комбайн жер солқылдатып жүріп кетті.

Сол күні ол комбайнды үйінің қасына қойды да, машинасымен плантация басына бармаққа жиналды. Үйінің ауласындағы екі гараждың оң жақтағы біктеуінің қақпасын ашып УАЗ-469 жеңіл машинасын шегіндіріп шығарып жатты. Осы кезде үйден сүйретіле басып белі бүгілген кәрі шешесі Құнбөп есік алдына шыққан еді. Қашанғы жанашыр, бәйек болған қалпы ұлына сөйлем жатыр.

— Құлымның-ау, жаңыңды неге құтпейсің. Ана жұмсақ машина тұрган жоқ па, соған мінсейші. Арбіраң мына құрғырыңдың жүрісі қатты, ішінді түйіп тастайды.

— Апа, жол бұзылса «Москвичпен» жүру қын.

— Айналайын, екіметің беріп тұрганда бірін мініп, бірін ауыстырып, алшаңдаш жүрсін дегенім ғой. Маңдайға біткен бағың — маңдай терің! Осыдан отыз бес жыл бұрын есінде ме, қаршадай күнінде сен лабогрейкеге мініп, мен комбайннан біндай тасып едім ғой. Соны ұмытпа, шырағым. Мына сексендері шешең де кәмбайнды біледі. Кәмбайнмен қарбаласып жүріп сені жетілдірғем жоқ па. Енді заман түзелді, өзің де елпілдеген бала емессің, елудің үстіне келіп қалдың. Жаңыңдан қымбат па, мін ана жұмсақ мәшиппенеңді.

— Оны күн ашықта мінеміз, апа,— деп күлді Төлебай.

— Жарайды онда,— деп пішесі де көне кетті.

Төкеңнің ауласында тұрган екі жеңіл машина да үздік ефектің тартулары. УАЗ-ды осыдан алты жыл бұрын соцпалистік жарыста озып шығып, кезектен тыс сатып алғап, ал «Москвич-412» былтыр жүгері плантациясының әр гектарынан 350 центнерден көк балауса алып, одан соң «Нивасымен» 12 мың центнер астың бастыргап жоғары корсеткіші үшін Москвада Бұқілодақтың халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде сыйлыққа берілген еді.

УАЗ жеңіл машинасының руліпе отырған Төкең

екі баласы еңбек етіп жатқап жүгері алқабына қарай тартты. Өз шешімін ол балаларына кеше айтқан болатын. «Биыл егін бітік, дән дариясы таситын түрі бар. Жүгері жинауды орталап тастадық. Енді қалғанын екеуің жинаңдар, мен ораққа араласамын» дег, еді ол балаларына. «Папа, оның дұрыс, ораққа аралас, біз жүгеріні өзіміз жинап аламыз, дескен мемекенің болалары Есләм да, Дәкен де. Енді міне, әкесі өз қолымен өсірген жүгері алқабын тағы бір шолып, балаларының еңбегін бақыладап кетпек.

Жүгері алқабы жасыл орман іспетті жайқалып тұр. Былғы жылудың аздығы алғашында көңілге құдік үялатып бас шайқатып еді. Соңынан жағдай оңалып кетті. Басында әр гектардан 250 центнерден көк балауса алуға міндеттеме қабылдалап еді. Енді өнім 350 центнерге жетіп тұр.

Төлебай машинасын алқаптың бір шетіне тоқтатты да, балаларын тосты. Екі жүгері комбайны бергі басқа қарай беттеп келеді. Әке балаға сыншы емес пе. Мына екеуінің әр қадамын қатты қадағалап, қалт жібермей бәйек болады. Ал, олар намыспыл. Олар да әкесін елдің алдында көргісі келеді. Комбайндағын тоқтатып әкесіне қарай жарыса жүгірді.

- Жаңа комбайн қалай екен?
- Жақсы.
- Міндеттеме қабылдалың ба?
- Он алты мың.
- Папа, он алты мың дейсің бе?
- Иә, он алты мың.
- Оны қай уақытта бастырасың? Жұрт әлдеқайда озып кетті фой.
- Құып жету керек. Міндеттеменің де, жарыстың да мақсаты сол емес пе. Құып жет, озып шық, жеңіп ал демей ме жарыстың ұраны,— деді Төкен саспай. Ал, балалары дәл бір өздері көш соңында қапы кететін кіслерше тыпышты.
- Кіммен жарысасың?

- Петр Шлейдовецепп.
- Бірінші болімшедегі мс?
- Иә, былтыр да сонымен жарыстым ғой. Былтыр қатар түскенбіз. Жаңы комбайншы.
- Оның комбайны да жаңа ма?
- Жаңа.
- Ол қазір десте бастырып жүр ғой. Бұрын кірісті, озып кетеді ендеше,— дейді Дәүкен.
- Онда, папа, комбайнныңды егін жайға бұр, жүгері үшін саспа, өзіміз аяқтаймыз,— деп Еслем әке-сіп асықтыра сөйлемді.
- Мына қарашы, жүгеріні екі күндей бұрып сеуіп жіберіпші көктемде,— деді осы кездे Текең балаларына.— 17 май күні салқында сепкен ана өдір гектарынан 250 центнер, ал 20 майдан кейін сепкен мына жер 350 центнер өнім береді. Жүгері жарықтық жылуды сүйеді ғой. Бір күн асыққанымызды қарашы.

— Себіңдер деп жоғарыдан нұсқау берген жоқ па?

— Балам-ау, «жүгері бапқа оседі» деп, тегіп жазып жүрген жоқ қой. Нұсқаумен оскен жүгері міне, мыпадай жүдеп шығады.

Текең көктемде сәл-пәл қателікке ұрына жаздағаныпа өкініш білдірген сыңайда түр. Бұл да өмірдің бір сабагы. Ал бірақ, жүгерінің жалпы түсіміне көзілі тоқ. Орта есептен әр гектардан 270 центнерден кок балауса айналатын түрі бар. Бұл — совхоз бойынша орта көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Тыңыңды торқалы тойы атальп өтілетін мерекелі жылдың жасыл орағы Төлебай Мұстафии үшін осылай табыспен қортындыланар қалпын танытқан еді.

Өткен көктемнің бір оқиғасы оның жадында өкіпшітің инесіндей қадалың, тіпті кетпейді. Бірінші Май мерекесінен кейін күн көзі жадырап, айнала дұнғас шуаққа беленіп, біршама уақыт бойы жылы қабақ танытқаны бар. Сойтіп тұрды да айнып жүре

берді. Қатарыпаш бірнеше күп жаңбыр бұлты жалбыр шудасын жинай алмай сіркіреді де тұрды. Тек 15 май күні аспан ашылып, диқанның сәтті шағы да-был соқты. Дән себу тың өңірінде жаппай басталып кетті. Қым-қуыт қарбалас. Жосылған техника. Жанталасқан жұрт. Осындайда басшылар әсіресе әбігер. Ерсілі-қарсылы шапқылаш, қайрат көрсетіп жатады. Сырт қарал тұрғанда солардың кей қылғы қызық сияқты көрінеді Төлебайға.

Күн ашық болғанмен салқын ызғар бар. Терістік-тен соққан жел өпменіңнен отіп кетердей. Тым жайсыз. Құндан әдетімен ертерек тұрып үйінің алдына шыққан Төлебай денесі тітіркеніш, бойы қалтырап-тоңазыған-ды. «Апымай, мынау әлі он градустан аспаған екен ғой», — деді ол ішінен. Еңкейіш, іргеде қазылған бақшадан бір уыс топырақ алды. Сығымдаш еді, қап-қара мақпал топырақтың жылты буы білінбеді.

Осы сәтте ауыл көшесін жарып отіп келе жатқан жецил машина дәл қасына келіп тоқтай қалды. Ишінен басшылардың бірі түсті. Шаруасы шұғылдығын танытқандай тез-тез басып келіп, салқын амандасты.

— Бұл не тұрыс, Төке?

— Күн мынау, әлі салқын.

— Ондай самарқаулықты қою керек. Бізге уақыт қымбат. Жүгері себуді баяғыда бастау керек еді, енді міне бір апта кешіктік. Бидай себумеп қабат келіш, қарбаласып тағы кешігеміз. Біздің жерде бір күн кешіксең күзгі сүйек. Ұрыннатынымызды жақсы білесің ғой, — деді ол салмақты үнемен.

— Білеміз ғой. Білетін шығармыз деп, бұлқ етпей отырмыз ғой. Құзгі сүйек қаңдай болса, көктемгі сүйек одан да жаман. Тұқым сүйекқа ұрынса болмайды, — деп Төкең өз жайын түсіндіріп жатыр.

— Топырақтың қызыы әлі оп-ақ градус. Ал бізге кемі 15—16 градус жылу керек.

— Сонда қашан бастамақсыз себуді?

- Бірер күнде.
- Оныңыз болмайды. Онда кешігеміз.
- Мен қешікпеймін. Бір аптада сеуіп бітірсем агротехникаға қайшы келмес деймін. Сонда өнім болады.
- Токе, мына жайыды ақылдасайың деп едік. Мен корші совхоздарда болып едім олардың бәрі бізге қарап отыр. Мұстафия қай күні бастаса, біз де түқым себуді сол күні бастаймыз дейді. Бұкіл аудан сізге қарап отыр.
- Қызық екен. Маған қараса, онда бірер күн тоса тұрайық.
- Тоса тұрсаң кешігеміз. Жұрттың бәрі сіз сияқты шебер емес. Сіз түқым себуді бір аптада бітірсесіз, олар екі-үш аптаға созып алуы мүмкін. Сондықтан ерте бастаған дұрыс. Сіз көшті бастап беріңіші.
- Қының екен. Былай жүрсең өтіз өледі, былай жүрсең арба сынадының кері ғой мынау. Сонда екі ортада мен ұтылып қалмаймыш ба?
- Тәуекел дейік.
- Тәуекелмен егіп шықпайды,— деп Төлебай басын шайқады.— Жұрттың найқалып, ұбап-шұбап жүргені үшін мен кінәлімін бе! Қызық-ау өздері.
- Бастаңыз, Токе. Ұақыт отіп барады.
- Бұл немене, нұсқау ма, бүйріқ па?
- Нұсқау емес, отініш.
- Біле тұрыш жөнсіз жолға түстім-ау. Жеке басымды ойлағанмен болмас, аудан мүддесі болса, онда тарттық,— деді Токең. Сейтіп сол күні ол терістікten соққан салқын ызгарға жүзін тосып жүтері плантациясына тартты...
- Енді міне сол оқиға есіне түседі.
- Папа, жолың болсын, кешікпе!— десті, балалары қосарланған. Токең сол қүннен бастап, комбайн роліне қайта отырды.

...Аспан аясы бүгін де қорғасындаидай ауыр қазбауыр бұлттармен құрсауланып, қүннің қай тұсқа келгені белгісіз болып тұр. Осымен екінші тәулік комбайндар қаңтарылып, әрқайсысы шұбатылған бір-бір қалың дестені көтере беріп тоқтаған. Кешелер посерлеп өткен жаңбыр жер-дүниені жабырқау тартқышып, тыныштық құшағында бөктіріп тастапты. Дааланы дүрілдеткен у-шудың бәрі де сап болған. Жаңа гана желкем соқты.

Комбайншылар дала кемелерінің қасында. Олар да қымбат үақыттың әр секундын сапап, маза кеткен қалышта. Аспан жүзін дамылсыз шолып, бұлт етегі көтерілсе көкірегі қуанышпен толқып кетеді. «Енді ашылса екеп. Сілтеп көрер едік-ая» деген тәрізді отты тілек жанарларда тұтанып жарқ-жұрқ етеді. Жанталасып асыгады. Жер дегдіген сайын, комбайнның доңғалагына баттасқан қалың саз қабыршақтанып жалбырап түсे бастаған сайын қымылдары ширап, жүгіре түсіп шарқ ұрады. Үсті-бастары бидайдың шаңы мен дән қаузызына бөккен, олар күз суығын да елер емес.

Қүндеңі әдетімен бөлімше партия үйімінің секретары, есепші Сәбит Тұралин де агрегаттардың басына келіпті. Комбайншылардың хал-жағдайларын сұрап, әрқайсысымен тіл қатысып жан жылытар жылы лебізін білдіруге ұмтылады. «Қарқынның жаман емес, тек мына жаңбыр... Әлі мүмкіндік бар. Тек табандылық жалын керек» дег, ол жұртты жігерлендіріп қояды. Тікелей іс басында жүрген, дипқандар ортасында араласып, біте қайнасқан партия жетекшісіне тән мінез танытады. Бәрімен де сөзі еркін, жүргегі жақын. Мына астық тағдыры бұлардың үйқы-күлкісіне дейін түгел ортақтастырып жібергенге үқсайды. Таңертед де, кешкесе де осы егін жай басынан табылуды Сәбит ед бірінші парызы сапай-

ды. Ол қолыпдағы қызыл жалаушаны жоғары котерді де, тура Төлебай Мұстафиннің қасына келіп, жүртты да осылай шақырды.

Комбайндарының қасында тұқжаңданап жүргендер елең етіп, бір-біріне тіл қатып, іле орындарынан қозгала бастады. Қөптен құткен хабарлары жеткендей жүздері жайнап, күлімсіреп түседі.

— Жақсы сөз — жарым ырыс деген.

— Қуанышты хабар болар, тыңдайық...

Олар жүгіре ғасып, тез жиналды. Орталарында Төкең маңдайы жарқырап, жымып тұр.

— Жаңбыр мынау, жұмыстың жүрмей жатқаны анау. Жалау тапсырамын дегеніце түсінбей тұрмынау, Сәбит. Осыны бүгінше қоя тұрсаң қайтеді? — деп ез-өзінен ыңғайсызданып, жан-жағына жалтақтайды. Біреу-міреу қостар ма екен деп, жігіттердің жүзіне жауап тоса қадалады. Ал, олардың біреуі де жо дей қойған жоқ. Орақ кезінде қалыптасқан дәстүрден жаңылмағанды қаласады ыңғайлары. Сол сынайды Сәбиттің сөзі нық түйіндейді.

— Төке, бұл орақ дәстүрі. Жарыстың шарты осы. Әрбір жұмыс күнінің қорытындысы шығарылады. Кеше жаңбыр болып жинала алмадық. Енді міне, басымыз қосылып тұрғанда, алдыңғы күнінің қорытындысып айтайын. Сіз озып шұтыңыз. Мына жалауша сіздің комбайнныңзға қадалады. Бір күнде 900 центнер астық бастырдыңыз. Құттықтаймын, Төке! — деп ол даңқты комбайншының қолын қысты.

— Рахмет, Сәбит! — дейді Төкең қызыл жалаушапы алып жатып.

— 16 мың центнер астық бастырғанша қолдан түсірменіз.

— Жарысты езіңіз бастаңыз. Өзіңіз үлгі көрсетіп отырысыз. Біз соңыңыздан ереміз.

— Қалыспаймыз, Төке! — десті осы жерде тұрған комбайншылар да.

Бұлар Толебай Мұстафиннің звенолас серіктегі

болатын. Бәрі де сайдың тасындаға ірікті, нағыз се-
ріктікке сенімді азаматтар. Ана Қойбағар Сағынды-
қов Төкеенің өкшесін басып келе жатқан даңғайыр
диқан. Оның омырауында «Құрмет Белгісі», екінші
және үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы ордендері жар-
қырайды. Был 10 мың центнер астың бастыруға
sert байлап отыр. Қайырбай Елібаев, Қайырбек Ма-
қынапов, Павел Гонкиндер де дала кемесіне сенім-
мен отырған құрыш қолдар. Тек алтыншы комбайн-
дағы жігіттің қауқары әзір беймәлім. Ол «Петропав-
ловскстрой» тресінен қомеккө келген силақшы Васи-
лий Усачев еді. Комбайншылар курсын тамамдапты.
Өзі есқі «СК-4»-ті жөндеп алып, диқандар қатарына
қосылған. «Қалада маған берілген тапсырма — 7 мың
центнер астың бастыру. Осы межеге жете алсам жа-
рар еді. Толебайдың қасында болмағаным қуаныш-
тымын» дейді ол.

— Былғы егін ғажап. Осында ырыстың жа-
нында алаңсыз отыра да алмайсың. Қып-қызыл бі-
дай жаңбырдың астында жатса үйқы бола ма, күлкі
бола ма,— деп Төкең жаңа досы Усачевке ықылас-
пен қарайды.

— Жаңбырда да комбайн қасында боламыз ба?—
деп Василий Усачев аспан жүзін шолады.

— Енді қалай? Орақ — майдан, біз — солдат.
Солдат майданда шепті тастан кетпейді ғой. Осында
тосамыз, жүргүре мұмкіндік болса тек ілгерілей бере-
міз. Василий мен саған қызық айтайын ба? Қазір тіп-
ті есіме алсам қайран қаламын. Қызық-ау, кеше қа-
дай едік, бүгіп қандаймыз. Осы кеше мына арбиган
комбайнды әкеміздің арбасында дедектетіп тамақ
ішуге ауылға барушы едік, немесе жаңбыр жауса,
шалғыны көтеріп алып, тағы да шу деп, тартып тұ-
ратынбыз. Соңда жанаармай ысырап болады, комбайн
босқа сандалып тозады деп ойламайтынбыз. Қазір
ғой жөнсіз артық қозғалсақ қыпылдаш тұрамыз. Мі-
не, бүгінгі диқан осылай есепшіл болыш алды. Бәріп

есептеп отырамыз. Мен қартайғандау адаммын ғой, үйқым қашқан. Құніне төрт сағат үйиқтап, жиырма сағат комбайнда боламын.

— Үйқы қашқанмен, қайрат қашпапты ғой,— деп Василий сүйсінгенін жасыра алмады.

— Отыз үш жыл темірдің ортасында жүрген мыпа қол да темір болып кеткен сияқты. Қейде бетімді жұып жатсам алақаным түрлідей тиіп, шодырайғап мүйіздер жұқа тұсты сыйдырып кетеді,— еп құледі Токең.

— Темір-қайрат! — деп Василий таңырқай түседі.

Тұске таман комбайдар орынан қозғала бастады. Бірінші болып маңдайында қызыл жалауы желбіреген Төлебай Мұстафиннің қызыл «Нивасы» кетіп бара жатты.

* * *

— Петр Шлейдовец қанша астық бастырды екен?

— Оп бір мың бес жүз. Қеше сіз алда едіңіз. Бүгін ол алға түсіп кетті.

— Бәсе, тарланым-ай. Былтыр ла осылай болып еді. Бірде ол, бірде мен алда жүрдім.

— Енді екеуіңіз қатар түсіп үзеңгі қагыстырыңыздар.

— «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деп, қарап тұрайын дейсің ғой.— Совхоздың Майбалық болімшесінің астықты алқабына комекке келіп, орақ салғанда Төкең осылай алдымен өзінің еңбек бәсекелесін сұраған. Айтқандай-ақ екі саңлақ комбайншы бір танапқа түсіп жарыса көсілді. Бұл бір жалғыз совхоз ғана емес, аудан назарын аударған, нағыз шеберлік сыйналған сайыс болатын. «Молниялар» күнде шығып тұрды. «Алда — Т. Мұстафин», «Алда — П. Шлейдовец» деген аршынды тақырыптар күн сайын ауысып, көрсеткіш цифрлары «12 мың...

13 мың... 14 мың... 15 мың» деп, өзгере берді. Ендігі белес — міндеттеме межесі — 16 мың центнер еді.

Дала қосының қасына тоқтаған комбайнның кабинасы ашылмай тым-тырыс тұрып қалды. Қап-қараңғы қою түн. Мотор үші ошкен соң айналғанда төңірек сілтідей тына түскен еді. Мына бір комбайн бейне шайқас даласынан талып жеткен қырандай қыбырсыз қаңтарылған. Бұл Төкеңдің «Нивасы» еді. Комбайншы көп бөгелген соң қос басындағы жігіттер солай қарай ұмтылысты.

— Төкең корінбейді ғой.

— Дыбыс жоқ,— десіп баспалдақпен жоғары орлекенде барып кабина есігі ашылды.

— Құргыр, аяғымды баса алмай қалыптын. Егін қалың ғой. Бұнкөр он бес миңут сайын толады, сабан көп, сабан тастағыштың муфтасын баса-баса тізем шыдамай қалғанын қарашы,— деп ол қоңыр үнмен құбірлең түсіп келеді. Жерге жеткізбей екі жігіт қолтығынан демей котеріп әкетті. «Аңырмай-ау, не қылған еңбеккөр, дұлдул ғой» десіп, олар да өзара құбірлесіп қалды.

— Бұл аяққа пе болғанын. Тіземді жаза алмай қалдым.

— Құні-түні бір тыпбайсыз...— деді жігіттердің бірі қырынғана.

— Әй, сонда кәрілік демекпісің? Кәрілік жетер күп болған жоқ. Кешке қалжырасам да таңертең тыңдайп, құлындаій ойшап тұрамын,— деп Төкең әлгі жігітке қарады.

— Шаршагансыз ғой.

— Шаршайтындаій бұл арпалысты мен бір был көріп жүрген жоқпын ғой.

Ертеңіне совхоз басшыларының үйгарымымен Төкеңе жүгері жинауды аяқтаған баласы Дәүкен көмекшілікке жіберілді. Қолқанаты келген соң Төкең тағы қанаттанып қарқынды үдettі-ай кеп. Майбалақ, Талпын ауылдарының егінін жинасқан соң

Преснов ауданының Айымжан ауылына тартты. Тарлап сілтесінен таңған жоқ. Диқап памысы қайрат отын лаулата түскені байқалады.

Қашан болмасын орақтың алды-артып болжаку қынын. Бірде нөсер жаңбыр топелесе, бірде сұық ызғар соқты. Мұның ақыры қарлы боранға ұласып кетті. Боран екі күн алай-дүлей дoldанып барып жымжылас басылғапда, қытымыр аяз бетті шымшып, қыр астындағы қыс хабарын жеткізгендей болатын. Осылай сұықта Төkeңдер тағы да құрыш қайратпен құрсағып дала кемесініп тұғырыша отырган.

Айнала аппақ ұлпа қарға bogip тұр. Қеше ғана осы оңірде құздің қоңыр әуені уілдеп, сарыала қаздар қанатын сабалап қалықтап ұшып жүр еді. Бір үйықтап тұрғандай сәттің арасында дала өңі өзгеріп жүре берді. Сотұстіктің табиғаты тағы да қатал мінезін танытқан болатын. Қаншама астық қар астында қалатын түрі бар. Диқандардың қабағы түсіп кеткен. Екі-үш күндік қана жұмыс қалғанын қайтерсіз. Үлгіре алмады. Құз бойы жаңбыр адым аштырмай жігерді құм қылыш, енді соның аяғы қарға ұласып қайранды тауысып тұрғаны жаңға батады. Қолдарында биялай, бастарында малақай, үстерінде тоң, аяқтарында пима. Бәрі қыс өміріне бағыныпты. Әрине, сұық темірдің үстінде жеңіл-желлі отыруға болмайтынын бәрі жақсы түсінеді. Жарты сағат, бір сағат емес, құні-тұні комбайн тұғырынан тұспеуге бел буған қайратты жандар осылай сайланатын. Төkeңнің звеносының алты комбайны әне егін жайлышың дөл үстінде дестені етегінеп тұріп келе жатқан қалпы тоқтап тұр. Комбайншылар алғашында мына тосындықтан тосылғандай қалыппен деңелері тітіркене түскендей самарқау қозғалып еді. Үндері де естілмейтін. Тым-тырыс. Тек темірдің тықылы ғана анда-санда шаңқылдан, мына комбайндар жүре ме, жүрмей мөозі дегендей үисіз кейістікті танытуда. Жігіттерде үп жоқ. Бірін-бірі қас-қабақтарымен бағады.

Дене қызынып, комбайндардың бабын келтіріп, істің жайына қаныққанда Төкец:

— Мен бір қызық айтайын,— деп әуелі әңгіме бастады.— Мұндайда күннің сұғы жақсы. Қар қазір сусылдаپ тұр екен. Қедуілгі құм шекер сияқты. Кешегі су болған дестелер сіресіп қатып қалыпты. Мұны жинаудың амалы бар. Қара да тұр, шаңын аспанаға бір-ақ шығарамыз.

— Рас айтасыз ба?

— Оны қазір көрсетеңін. Кеттік...

Сол-ақ екен комбайншылар орып-орпына отырып моторға газ берді.

Алда — Толебай. Ол әуелі дәл бір қылпыған ұстаранып жүзін байқап көрген шебердей шалғыны бос зырқылдатып алды да, хедерді баппен түсіріп, сабағы ілізді-ау дегенде барып комбайнды ақырын қозғай бастады. Арбіраң үлкен доңғалақтар қатқан мұзды күтір-күтір езіп келеді. Төкец дестеге қырағы қарайды. Газды ептең, еппен басып жүрісін үдетіп барады. Сіресіп, тұтаса қатқан десте шетінен туре көтергенде үстіндегі үлла қары сусып, зырлаған цолотноның бойымен комбайнның көмейіне қарай зулай жөнелді.

Төкец қолын көтеріп, «Кеттік. Бәрі ойдағыдай. Енді тоқтамаймыз» дегендег артындағы серіктеріне белгі берді. Сол-ақ екен комбайндар орындарынан қозғалып кетті. Арттарында ақ боран шаңытып бараады. Комбайншылар бір-біріне қол бұлғайды.

Ертеңіне бұл күннің де қортындысы қуанышты болды.

— Төлебай Мұстафин қар басқан алқаптың астын жинауда жақалық ашыпты,— деген хабар көпкө тарады. Аз күннен кейін облыстық, аудандық газеттер Т. Мұстафиннің маусым ішінде 20 мың центнер алтып дәп бастырганып шабыттана жазып жатты.

— Тәке, сәлем бердік, жол болсын,— деген таныс дауысқа ол жалт қарап еді, өзіне қарай құстай ұшып келе жатқан Василий Усачевті көрді.

— Василий, амансың ба? — деп Төлебай да қарсы жүрді. — Жол болсын.

— Кавказға бара жатырмын. Орақтағы үздік еңбегім үшін трест жолдама берді.

— Олары дұрыс болған екен.

— Ал сіз ше?

— Мен Москваға пленумға бара жатырмын.

— Қандай пленум?

— Былтыр кооператорлар съезі болып еді ғой, сонда мені «Центросоюздың» басқармасына мүшесітіп сайлаған.

— Иә, сіздің еңбегіңіз қандай құрметке болсын лайық.

Екі дос осылай Петропавл аэропортында қорытындылаушы жылдың көктемінде кездесіп еді. Екеуі де асыққан жұмыстарын бітіріп, билеттерін тіркеткен соң еркін отырып біраз сұхбаттасты.

— Биыл да келесің бе? Құзгі бораннан қорыққан жоқсың ба? — деді Текең қулана қарап.

— Несіне қорқамыз. Үйрепдік, Теке. Ал сіздердің биылғы міндеттемелеріңіз қандай?

— Бидайдың гектарынан жынырма центнерден аламыз. Ал жұгерідең 300 центнерден сүрлемдік ба-лауса жинаймыз деп отырмыз.

— Комбайнмен қашпа астық бастырасыз?

— Жынырма мың центнер.

Василий Усачев басын шайқады. Құле түсіп, Төлебайға қызыға қарайды. Торқалы тойлар жылында Текең сыйды тарланадар тагы да шырқайтынына сенеді ол.

— Жолаушылар... — деп, радио саңқылданп қоя

бергепде екеуі де елең стіп, қол алысып қоштаса бастады.

- Қөріскеңше, Қавказ.
- Коріскеңше, Москва.
- Комбайн штурвалында кездескенше...

* * *

— Ол опыши бесжылдықтың қорытынтылаушы жылы емес пе еді? — деп Токең қасындағы Қойбағар Сагындықовқа қарады.

— Иә, сол жылы сіз бір озіңіз «Нива» комбайнымен 20 мың центнерден аса астық бастырып облыста үздік шықтызыз, — деп шәкірттей болып кеткеп серігі Қойбағар басын изеп қоштады.

— Енді он бірінші бесжылдықтың тортінші жылы емес пе?

— Солай. Токе. Тағы бір сып тұр алда.

— Әй, өзің мені ылғы сыпға сала беріп қайтесің. Қарлік магап да жеткен жоқ па? — деп Токең күліп, Қойбағарға бұқіл күрек тістерін корсете аксия қаралды. Жүзінде қашанды жарқырап отыратын қайратты адамың шырайы бар.

— Қарлікті ауызга алғаппап кейіп күлгениңіз қалай? — деп, Қойбағар да жаразты өзілді іліп әкетіп, өзі өмір бойы сондай сыйласп откен үстаз іспетті ардақты адамына қуақыланған жымиды. — Қарлімін деген соң қол құсырып отыру керек қой, Токе? Неге күлесіз?

— Апымай енді күлдірмейсіңдер ме? — деп Текең орнында қопандап қойып жан-жагына коз салды. Бұлар қыскы кеште Текеңнің үлкен шаңырагында әнгіме-дүкен құрып отыр еді. Шағын ауылда шаруа бағып есекен олар от басы-ошақ қасында отырып та даладағы жұмыстың ишай-жапсарын әнгіме етісіп, кейбір түйіпдерлі шай үстінде ле шешісіп жаталы. Қойбағаров озіңің талай жылғы үзедгілес тар-

лап үстазы Токсеппің үйінде осыпдай қолы қалт босаған кешкілікте бас сұғыш, төбе көрсетуді парыз санаиды. Сол дағдысымен бүгін де жылы лебі бетке ұрган жайлы шаңырақтың төрінде отыр. Әзілі жарасқан әңгімені жаны ұнатады.

— Күлгениңіз, Теке, әлі қорамсақта қару бар деген ыңғай емес пе екен?

— Е, неси бар.

— Бәссе, озім де солай ойлаймын гой.

— Елудің ортасынан асып-ақ қартайып қалды дедің бе?

— Түсіндім, Теке.

— Оданда әлгі шаруаңды айтсаңшы.

— Манағы таңтереңгі әңгіме ғой. Тыңның 30 жылдығы аталатын жылы қандай меже белгілейсіндер, дейді жоғары жақ. Совхоз басшыларының сұрағы бұл. Аудан да сұрайтын шығар әлі.

— Бұл арада бұлтара алмайсың,— деп Текең келісе кетті енді.— Тыңның 30 жылдығы аталғанда тартыныш жату келіспес. Осы 30 жыл бойы тыңды өзіміз көтеріш, өзіміз ңгеріп келеміз. «Тың не берді, тыңның игілігі қандай? деген сұрақ әркімге жиі қойылып жүр ғой. Сол сұрақ маған да айтылатын шығар. Сын деп отырганың сол ғой, сірә?

— Доп бастыңыз ойымды.

— Тыңның берген байлығып жұрттың бәрі айтып жүр. Ол белгілі пәрссе. Ал менің айтарым мынау: тыңның байлығы әлі толық ашылған жоқ. Жоғары онім алуга біз жаңа үйрептіп келеміз. Міне, сопы анық ңгеру керек.

— Мұныңыз дұрыс соз.

— Дұрыс болғанда қандай? Оп бірінші бесжылдықтың үшінші жылында ауа райының құрғақшылық болғанына қарамастан тәп-тәуір өнім өсірген жоқпыш ба?

— Әрине, тәуір.

— Күн күйіп тұргапда, жер-дүние қурап кеткеп-

де егініміз жайқалып, әр гектардан 14—15 центнерге дейін өнім берді ғой. Бұл жаман өнім емес.

— О, не дегеніңіз, Төке. Әбден...

— Міне, сол астықты жаңбырдың астына қалдырып, жинап алмадық қой.

— Оныңыз рас.

— Рас болса, қырық күн жаңбыр жауып, қол байлаپ тұрып алған жоқ қой.

— Ол да рас.

— Ендеше шыққан астықты қыншылықпен, маңдай термен өсірілген дәнді шашпай-төкпей жинап алуды үйрену керек,— деп Төкең көкірегінің аргы түкпірінде талайдан қордалапған ойларын қозғап, қызына сөйлемеді.

— Бір аптада дейсіз бе?

— Енді бір ай керек по сонда. Табиғатымыз қатал дейміз. Сол қатал табиғат жомарттықпен мол астық беріп, тағы да бір апта тамылжыған күндерімен қоса жарылқағапда жанталасып қымылдаپ, қарманып қалуға тырыспаймыз ғой, шіркін. Найқалыпшайқалып жүріп аламыз. Намыс тұтанбайды-ау, тұтанбайды. Шіркін, диқанның намысы дуылдаپ, «есемді жібермейміп, еншімді аламын» деп, дабылды соғып жатса. Сонда алтын дәнді жаңбырдың астында қалдырмай тұп-түгел қамбаға құйып алар едік-ау. Соны ойлаймын кейде, осы қыста үйде отырып. Жайданжай намысым келеді.

Төкеңнің мінезі турашыл. Қандай мінді болсын бетке айтып салады. Совхоз, бөлімше басшыларын талай рет кемшіліктерін қымсынбай тік айттып, өкпелетіп алғаны да бар. Қойбағар енді тарланның іркілуін тосып сұрақты үстемелемеді. Тағы бір сынға үшырармын дегендей сөздің кележағын күтті.

— Ендеше былай болсын,— деп Төкең алғашқы әңгіме сарынына қайта оралды.— Тыңың 30 жылдығына тағы бір серпілерміз. Жылдағы міндеттемем 16 мың центнер болатыш, биыл да соны атаймын.

16 мыңдан әрі асып, 20 мың центнерге қол созармып.
Жылдағы үйреншікті жай емес пе?

— Бәлі, Төке, мына сертіңіз құрыш қайраттың
құлшынысы той.

— Не болса ол болсын. Атадым. Сілтедім биікке.
Айтпақшы тыңың отыз жылдығына олжам бар.
Был біздің Оразымбет тракторға отырады.

— Ең кепіже ұлыңыз...

— Сонда бір үйден бес механизатор шығып тұр.
Өзім бастап, торт ұлым қостага...

— Тыңың байдығы осы емес пе. Нагыз діқанды
осірді.

— Солай шығар,— деп, Төкец жымыңдаш қойды.
Жанары мақтанышпен жалт-жұлт етеді.— Был на-
мысты жібермеспін. Әр гектардан 20 центнерден ас-
тық аламын.

Қойбағар оны қостагандай үнсіз құлімсіреді. Тө-
кец оған сондай разы раймен қараған еді. Соңғы
жипирма жылға жуық екеуіп құбы жазылып көрген
емес. Қектем, жаз — тракторда, күз — комбайнда,
қыс — фермада қатар еңбек етеді. Бірін-бірі терең
ұғысқан сыралғы серіктер олар. Тың тарландарының
жүрегіне терең бойлаган намыс оты оларды осылай
қаһарлы қыстың өзінде қыздырып, дуылдатып қоя-
ды. Түсіне білген адамға намысты әр кез-ақ жанып
отырғанға не жетсін?!

Сыйлық

Жаз ортасы ауып, солтүстік өндірдің табиғаты та-
мылжыш тұрган кез. Жаңбыр да, күн жылуы да ша-
пағатты. Қажетті шақта кезек алмасып егіні телегей
теңіз алқаптың ажарына әр жүгіртіп құлпырытып оте-
ді. Әсіресе діқан қоңілі көтеріңкі. «Жаңбыр қалауга
қарай жауып тұр-ау, құйып-құйып салады да, әб-сәт-
те шайдай ашылып, жарқырап жүре береді» деп,
олар қуанысып қалады мұндайда. «Был астық бола-
ды, беталысы жақсы» дескен үндер де жіп естіліп
жүрді. Расында да солай.

Облыстық партия комитетіндегі кеңес те осы мә-
селеге арналды. Төртінші қабаттағы шағын залға кі-
лең озат комбайншылар, бригадирлер, шоферлар жи-
налышты. Бәрі де осы өңірге аты шыққан нағыз мың-
тылар. Омыраулары толы ордендер, кейбіреулерінде
Алтын жүлдyz. Бірін-бірі жақсы біледі. Осындаі
жинындарда танысып, жақын жүздесіп алғандар гой.
Әңгімелерінің арқауы да — егін жайлы, әрине.

- Был егіндерің қалай?
- Жаман емес.
- Қашадан алмақсың?
- Балапанды күзде санаймыз ғой...

Іә, қазір кім болмасын сыр шаша қоймас мығым
кейіпте. Бүгін серпе сейлеп, ертең күмілжіп жатуды
намыс көреді кім де болсын. Сөзге сараң, іске жомарт
жандар бұлар.

Шағын залға жиналған кеңеске облыстық партия

комитетінің бюро мүшелері түгел келді. Шақырылғап қонақтар алдыңғы қатарға отырды. Телевизия жарықтары шақырайып көзді шағылыстырып, камералар сырылдаш, фотоаппараттар сыртылдаш жатыр. Қеңесті облыстық партия комитетінің бірінші секретары ашты да, биылғы орақтың ерекшелігін түсіндірді, мына дала дүлділдерін әдейі шақырып, ақыл-кеңес құруды жөн көріп отыргандарын айтты.

— Қысылмаңыздар, бұл біздің жылдағы дәстүріміз. Орақтың алдында осылай озат комбайншылармен, шоферлермен ақылдасып аламыз. Егінді қайткенде тез, ысырапсыз жинауга болады. Міне, осы жайлыш сіздердің пікірлеріңді тыңдағымыз келеді,— деді бірінші секретарь.

Залда аз сәттік үнсіздік өрнап қалды. Ол әрине, түсінікті жай. Әркім ой сабақташ, толқыған көңілдерін сабага түсіріп, іштей сайланып жатқаны белгілі. Әлден уақытта барып комбайншылар бірінен соң бірі сез алды. Әрқайсысы қокейдегі ойларын айтады. Әр қынырдан шалысады. Аккумулятор, қосалқы бөлшектер жоқ екеніне қынқылады. Қемпіліктерді де, қпышылықтарды да ұмыт қалдырып жатқан жоқ.

— Бәріп айтыңыздар. Біз біліп отырайық. Қемектесейік,— деп осы тұста бірінші секретарь сөйлеушіні жетелеп, іркілдірмей ілгері ұмтылдырып қояды.

— Вачеслав Антонович, биыл егіндеріңіз қалай, қандай ойларыңыз бар? Естик, білейік айтсаңызша,— деп ол енді алдыңғы қатарға қарады.

Мығым дөпелі, қызыл шырайлы комбайншы орнынан шұғыл тұрды.

— Совхоз бойынша қаншадан астық алмақсындар?

— Гектарына жынырма центнерден.

— Рекорд бола ма?

— Мақсат — рекорд емес, мақсат — ысырапсыз түгел жинап алу болып отыр.

— Міне, бұл оте дұрыс. Ораққа дайыпсындар ма?

— Міне, мұпныңызды құптаймыз. Басқалардың да үйренуі керек.

Вячеслав Антонович тағы да бірнеше сұраққа жауап берді де, орнына отырды. Қеңес аяқталуға да жақындаپ қалды. Қызықты ойлар, ұсыныстар ортаға салынды. Талқылай отырысып, түрлі-түрлі пікірлер толгасты. Соның бәрінің өзекті арнасы — егінді тез, әрі ысырапсыз жинап алу қамы болатын. Бюро мүшелері де, дала дүлдүлдері де ашық әңгімеге разы қоңілде еді. Апау астықты алқаптарда қалың ырыс ыргалып, дән дариясының ақтарылар жайы аңғарылып қалған-ды.

— Тағы пікірлер бар ма? — деді бірінші секретарь кеңесті қорытындылауға ыңғайланып.

— Бар,— деп басқаларға қарағанды жасаңдау жүзді бір шофер қол көтеріп орнынан тұрды. Жұрттың бәрі әлгіге бұрылыш жаңа ұсыныс, тың пікірлер айтар деп, үміттеніп қалған еді.

— Иә, айтыңыз. Сөз сізде.

— Менің айтайын дегенім мынау еді: екі-үш жылдан бері машина ала алмай жүрмін,— деді әлгі шофер.

— Қандай машина? Астық тасуға машинаң әзір емес пе?

— Жоқ. Өзіме. Жеке меншігіме.

— Жеңіл машина ма?

— Иә, сатып алуға, өзіме. Маған «Волга», «ГАЗ-24» керек. Ел қатарлы едбек етіп келе жатсам да, осы уақытқа дейін алуға қолым жетпей келеді.

Жұртқа ол осы бір сәтті пайдаланып, басшылардың «жә» деген сөзін ұстап қалғысы келгендей эсер қалдырыды. Қасындағы комбайншылар да, бригадирлер де жаратпай қарасты. «Қап, шырайлы әңгіменің шырқын бұздың-ау, қара бастың қамын ойлайтын жер осы ма еді, ұят қылдың-ау. Жұрт орақты айтып жатса, мұның не?» дегендей, ренішпен кейбіреулері теріс айналып кетті, тіпті.

— Әуелі егінді жинап алайық,— деді оғап бірінші секретарь.

Әлгі шофер сыртқа шыққан соң да өз айтқанынан қайтпады.

— «Жигуліді» ұсынып отыр, оны қайтемін. Алғап соң «Волга» алу керек. Бәлсеп жыл еңбек еттік, енді шалқынып жүргүре болатын шығар.

— Одаша айтпадың ба?— деді Юрьевич те ресмишті кейіппен.

— Жиналыста айтса қайтеді?— деп, шофер де өз раійынан қайтар емес.

Осы әңгіме көпке дейін Вячеслав Антонович Юрьевичтің есінен кетпей қойды. Совхоздың автобусына мініп, үйіне оралғанда да жолшыбай жүрек түкпірінде тербелумен болды. Теп-тегіс асфальт жол қара лентадай түзу тартылып, жасыл орманды кесіп өтеді. кок теңіздей болып көтеріліп жатқан егін алқабын көс қапталында қалдырып коз ұшында жоғалады. Нәолдың екі жағы да ырыспен ыргалып тұр. Арапасында аққайынды орман шоқтары бейне бір көл ортасында қалған арал сияқты дөңгелеп артта қалып барады. «Апымдау, мына жігітті беріміз де білуші едік қой. Әйгілі шофер өзі. Атақ-даңқы республиканы жаңғыртады. Нағыз майталман емес пе. Сейтіп отырып дүниекорлық шалығына шарпылғаны ма? Табыстан бас айналады деген осы ма екен әлде. Жұрт орақты ойлап бас қатырып жатса, ол оз басының керек-жарағын айтып, сөзінің салмағын жеңілдетіп алды. Жөнсіз-ақ болды-ау... Жараспайды-ақ. Облыстың басшылары аяғынан тік тұрып, бізді хан көтеріп, құрметтеп жатқанда осалдық танытып алдық-ау. Қап! Сол құрғырды алма, мінбे деп отырган ешкім де жоқ. Керек те, қажет те шығар. Ала берсін. Үкіметтің өзі жеңіл машинаны алдына тосып, ал деп, мін деп қошаметтеп, құрметтеп отырган жоқ па. Алсын, кім қарсы дейсің. Тек соны айтатын жері әлгі ме еді? Қайтерсің, қап!»...

Бір-ақ ауыз сөз. Бір сұрақ қана. Соның өзі жаңағы жайсақ жандарды жасытып тастағандай болғанын қарашы. Қазір ғой, мына Вячеслав Антонович сияқты басқа дікіндар да толғанып бара жатқап шығар. бәлкім. Өкіне түсіп ойға берілгенде оның көз алдынап осыдан бес-алты жыл бұрынғы бір оқиға елестен отті...

1977 жылдың күзді болатып. Орақ аяқталып қалған мезет. Преснов ауданындағы «Островский» совхозының комбайншысы Вячеслав Антонович Юрьевич басқаратып звепопың даңқы облыс оңіріне кең тарап кетті. Бес комбайннан тұратын звено десте бастыруда алға үздік сұрырылып шығып облыс бойынша жарыс жүлдегері атанды. Звено мүшелерінің суреттері облыстық, аудандық газеттерде басылып, олар жөнінде құлаш-құлаш мақалалар жарық көріп жатты.

Күз ызғары күшіне түсіп, қыр астындағы қыс хабарын жеткізгендей болыш, қар ұшқындаған салқын күндердің бірі еді. Вячеслав Антонович өз звеносының бес комбайнның машинна ауласына әкеліп қатарға тізіп қойды да, жігіттеріп орақты ойдағыдаі өткізген жедісімен құттықтады.

— Ал, достарым, сепдерге раҳмет. Біреуіп де сыр берген жоқсындар. Енді есепке отырып, жұмыс қорытындысын шыгаруға болады,— деп звено жетекшісі астық жолындағы шайқастың сәтті тәмәмдалғанына сүйсінген лебіз білдірді.

Комбайнылар Андрей Лютц, Анатолий Ильченко, Анатолий Гусев, Сергей Ковшов, олардың көмекшілері Владимир Егов, Валерий Калугин, Юрий Лукьянченко, Александр Герштейн, Аманкелді Қасенов енді алаңсыз қалыпта орақ кезіндегі түрлі қындықтарды еске түсіріседі.

— Мына Аманкелді орақ басталғапда үйінен кеткен, содан енді ғапа келіпшиегіп келе жатыр.

— Е, орақ кезінде кімді іздеуге мұрша келді. Қол тимеді ғой...

— Біз был жақсы еңбек еткен сияқтымыз,— деді Юрьевич.— Егін де қалың болды, бункер тез то-лып тұрды ғой. Мепің есебімше жетпіс мыңдан астық қой деймін.

— Онда рекорд жасаған шығармыз? — деп жас комекшілердің бірі іле сауал қойды.

Осы кездे бұларды бетке алып келе жатқан партком секретары Михаил Владимирович Санникович коріпді.

— Құттықтаймың, Вячеслав Антонович,— деді ол сонадайдан дауыстаң,— облыс бойынша рекорд жасадыңыз. Сіздің звено 75 мың центнер астық бастырыды. Тамаша қөрсеткіш! Рахмет жігіттер...

Бұл қуанышты хабар бүкіл Пресновка селосына тез тараң кетті. Кешкі қарай жергілікті радиоторабы да сөйлемец, Юрьевичтің звеносын еңбек жеңісімен құттықташ жатты.

Вячеслав Антонович бұл қүпі өз үйінде отырғанды. Жұбайы да жадырап, жарқылдаң жүр, балалары да әкесінің алды-артын орай береді. Сағынышта шек икоқ.

— Оho-оу, үйдің қожасын құттықташ қояйық, жер-көкті шулаттың ғой,— деп осы кезде оның ескі досы кіріп келді. Даусы зор, үйдің ішін даңғыратың икіберді.— Жаңа радиодан ести сала жүгірдім, рекорд жасаған екенсің, жарайсың!

— Рахмет, рахмет, жогары шық, төрлет көне,— деп Вячеслав Антонович те орнынан ұшып тұрып, қонағын жылы қабақпен қарсы алды. Ескі досы ұсынған орындыққа жайғасып, амандаң-сауықты бірер сөзбен сұрап тынды.

— Сенің звенонды білемін, бәрі сенімді жігіттер,— деді ол.

— Бәрі мықты,— деп үй песі де оны қостан сой

леді.— Негізгі комбайншылардың орныққанына он жыл болды, көмекшілер ғана ауысып отырады

— Ол заңды нәрсе ғой.

— Үйреніп, жетілген соң жеке комбайн сұрамай ма?

— Иә, солай, өмір заңы, табиғат тәртібі. Өздерің орақ басталғанда сурылып алға шығып едіңдер, содан бері бір тәмендемедіңдер ғой. Қүнде радиодан естіп тұрамыз. Мынау өзі қызық екен, майдан хабарын тосқан сияқты қүнде кешке құлағымыз радиода болады.

Екеуі әңгімені біраз ағытып коп отырды. Орақ жайын, кездескен қындықтарды сөз етісті. Ескі дос ең соңына бүккен сырның ұштығын да ағыта бастады.

— Сендерге беретін сыйлық та олқы болмауы тиіс,— деп көзінің астымен Юрьевчтің жүзін бір шолып өтті. Бұл сұраққа комбайншы еліп ете қойған жоқ. Тіс жарып ештеме демеді. Анау жауап тосқандай жанар қадап қалыпты.

— Білмеймін,— деді біраз үнсіздікten кейін Вячеслав Антонович.— Берсе берер, бермесе бер деп, сұрап тағы жатпаймыз.

— Беруі тиіс. Ана жолы комбайншыларға сыйлыққа жеңіл машина берді ғой.

— Сейтті ме? Есімде жоқ.

— Бір-бір «Жигули» берген.

— Берсе көрерміз.

— Берсе аласың ба?

— Балалар біледі оны.

— Егер өзің алмасаң маған көмектес, ескі дос емеспіз бе?

— Ой, ондай былықты қайтеміз.

— Жоқ, Вячеслав Антонович, әуелі тыңда, ешқандай былық жоқ мұнда, менің ақ адаптама алып бересің, еңбегінді жемеспін. Ескі доспыш ғой, жаным-ау. Осыны ойлашы. Жұрттың бәрі осылай

алып жатыр. Қезегің келіп түр екен ал, өзің алмасаң досыңа бер. Онда не тұр. «Волга» сұрасаң қайтеді? Өзің алмасаң маған бер.

— Қой, досым, мұндай әңгімені маған айтпа.

— Оған сенің нең кетеді?

— Пайдакұнем емеспін. Адал еңбегім өзіме жетеді.

— Мәселе пайдакұнемдікте емес қой. Мәселе орайы келіп тұрган ыңғайлы сәтте. Осындаі сәтті найдалансаң сені кім сөгеді.

— Эй, бас қатырма!

Ол қатты айтты. Ескі дос тайсалып қалды.

— Өзің біл, менікі ақыл ғой,— дейді.

— Ақылыңа рахмет. Сау бол...

Ескі дос шығын қиқаң еткізіп үйден шығып кетті. Ал, Вячеслав Антонович копке дейін ашуға булығып, тілге келе алмай қойды. «Дүшекорлық па бұл, немене озі? Алып қалсам, жұлып түссем деген жат шығыл қайдан шыққан? Тұп-тамыры қайдан өзі? Жақсы емес-ау. Жирендіріп тастады! Адал көңілді ойраңдаң кетті-ау» деп, іштей қүйінді.

Ал, жұрт шынында да елеңдең қалысты. «Биыл Юрьевичтің еңбек ерлігі шынында да ғажап болды. Букіл облысты дүрліктірді. Енді бұған қандай сый-құрмет корсетілер екен?» деген сауал әр жерде-ақ айтылып қалып жүрді. Бәрі де жыл қорытындысын тағаттыз тосты. Бұл хабар СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен жеткен еді. Вячеслав Антонович Юрьевич үздік еңбегі үшін екінші Ленин орденімен наградталды.

...Автобус Пересновкаға жақындап қалды. Юрьевичтің ой құшығында. Облыстық партия комитетінен шыққапда шофердің сұрағыша қабагы шытылып қалып еді, одан жолшыбай ескі досының баяғыда айтқан «ақылы» есіне түсті. Осындаі жылпостықтан жан-дүниесі жиіркенеді, соның сәл көрінісін сезсе кейіп қалады. «Сыйлықты сұрап ала ма екен? Кейде

солай да болып жүр ме озі, қалай? «Сұрамағап балаға емшек бермейді деп, біреулер құледі. Қызық өзі. Сұғанақтардың ісі ғой ол. Осындаштарға тойтарыс беру керек. Осылар бұзады тәртіпті. Тәртіп болмай табысқа жету қын» деп, ол іштей тебіреніспен тыншымайды.

Звено жетекшісі Вячеслав Антонович Юрьевич тәртіп турастыңа келгенде турашыл адам. Ол звено-дағы комбайншылардан және олардың көмекшілерінен алдымен тәртіп сақтауды талап етеді. Тәртіп нығаймаса береке болмайтынын күн сайын ұғыпдырып отырады. Был совхозда егін жинау енді мердігерлік әдіспен жүргізілмекші. Бұл жаңаалықты Юрьевичтің звеносы бірінші болып қолдады. Міне осы жаңаалықтың, шілдікті істің бар мәнісі мықты тәртіпке негізделген. Комбайншылар әр минутты ұтымды пайдалануы керек. Жаңаалықтың бар сырьи, тиімділігі осында. Совхоз бойынша үш егін жинаутасымалдау комплексі құрылды. Осы комплекстердің бәрі де оте жаңы жасақталып, жарактаңырылған. Жаңындаған Юрьевичтің жігіттері дала қосында болып, вагоншаларды жабдықташ қайтты. Сондагы комбайншылардың әзіл-қалықызы әлі күнге дейін құлағында тұр.

— Мынау курорт қой.
— Нагыз әдейі дем алатын жер.
— Комбайнды тоқтатып қойып, жатып алған жүрмейік, жамбасқа жайлыш болған соң.

— Мынау деген тамаша ғой. Түрлі-түсті телевизор, көшпелі электродвигок, аппақ тосек-орып. Осының бәрі комбайнның соцылан жылжып отырады, ә?

— Епді қалай? Комбайншылардың опімді жұмыс істеулеріне толық жағдай жасауымыз керек. Торт сағат комбайнда болсаң, торт сағат міне, мұнда ұйықтайсың. Үйге барып әлек болмайсың. Бәрі осы вагоншаларда болады.

— Жаңы екен. Жаңы ойластырылған екен.

— Тек екпінді едбекпеп жауап беру керек, мышадай қамқорлыққа! — десті механизаторлар.

Олар сертті сөздерінде тұрды да. Облыстық партия комитетіндегі кеңестен оралған соң Вячеслав Литонович комплекс механизаторлары алдында әңгіме откізіп, естіп-білгендерін, көрген-түйгендерін айтып берді. Әрқайсыны өз міндеттемелерін атасты. Соңда Юрьевичтің звеносы бес комбайнмен 60 мың центнер астық бастыруға міндеттеніп, бірінші белімшедегі Виктор Вильдің звеносының жарысқа шақырыды.

Жылдағы әдетімен еткен орақ та екпінді едбекпеп басталды. Юрьевичтің звездосы тағы да суырылып алға шықты. «Майталман!» деп еді сопда опың еңбегіне разы болған жерлестері...

* * *

Юрьевич үйінде еді. Орақтың аяқталғанына да бір-екі күн болған. Совхоз директоры Ренат Фаизович Ахметшин шақырады деген соң ол тез киініп, кеңсеге Шухов бақшасының жанымен төтелей тартты. Мынау тұрган әйгілі жазушы Иван Петрович Шуховтың үйі. Осыдан отыз жыл бұрын бұл Пресновка селосындағы салтанатты сарай сияқты еді. Қазір құрылыстар қанат жайған соң козге қораштау тарта ма қалай? Ақ кірпіштеп қатарласып екі үй тұрғызылыпты. Өтіп бара жатқап жаңдар жанар тоқтатып тамсапады.

- Бастықтарға салған ғой.
 - Пресновкадағы бірінші үй.
 - Сегіз болмелі, гаражы, ауласы, қосалқы қорапсылары бәрі жарқыран жарасып тұр.
 - Қеремет.
- Осындаидай тац-тамаша болған адамдардың сөзін құлағы шалып қалып, үйге Юрьевич те бұрылды. Жаңа үй расында да сәнді де сәулетті көрінеді. Ол бөгелген жоқ, кеңсеге қарай асыға басып барады.

«Неменеге шақырды екен? Тағы да бір жаққа жиппалысқа жібермесе жарады?» деп, өзінше топшылайды бұл шақырыс мәнін.

Совхоз директоры Ахметшин комбайншыны есіктен көре сала орнынан тұрып, қарсы жүрді.

— Амансың ба, Вячеслав Антонович. Нұркеттік,

— Қайда?

— Машинаға.

Ахметшин басқа ештеме айтқан жок, сыртқа тартты. Юрьевич те соңынан ерді. Екеуі «Волгаға» мінген соң директор шоферыпа «Тура жаңа үйлерге тарт» деді.

Ақсүр «Волга» желдей жүйткіп әлгінде Юрьевич таң-тамаша болып кеткеп екі жаңа үйдің бірінің алдына келіп тоқтады. Екеуі машинадан тұсті. Ахметшин үлкен аула қақпасын өзі ашып ішке кірді. Жаңа үйден қарағай мен сыр цісі аңқып тұр. Бәрі тиянақты, тындырымды жасалынты.

— Осы үйді саған береміз. Көшіп ал! — деп директор комбайншыға қарады.

— Қойыңыз, Ренат Фаизович, — деп Юрьевич шошып кеткендей болды.

— Несі бар. Ұнамай ма?

— Мұндай үй кімге ұпамас дейсіз. Тамаша емес не?!

— Ендеше тамаша үйде тамаша адамдар тұруы керек. Совхоз әкімшілігі, партия комитеті мен кәсіподақ комитеті осылай үйғарып отыр. Үй саған беріледі, — деп директор нық түйді.

— Іңғайсыз, Ренат Фаизович, — деп Юрьевич тағы да қибыжықташ қалды.

— Не деп тұрсың?

— Басқа үй де жарайды маған.

— Вячеслав Антонович, бала болып кеттің бе?

— Іңғайсыздау.

— Несі ыңғайсыз?

- Жұрт соз қылады ғой.
- Не деп?
- Барлық итілік Юрьевичке беріле ме деп.
- Қандай итілік?
- Жақындаған «Газ-24» бердіңіздер ғой.
- Машина саған облыстан берілді. Ондай машина беруге біздің шамамыз жетпейді. Түсіндің бе? Мына үйді совхоз сыйлық ретінде саған салып беріп отыр,— деп директор епді анықташ түсіндіріп жатыр.
Еңбек адамының қанағатшыл, көпшіл, кішіпейіл мінезіне не жетсін.
- Сыйлығың құтты болсын,— деп директор енді Вячеслав Антоновичтің қолын алды.

Мазмұны

Дала таңы	3
Үлкен жолда	21
Дән дариясы	46
Құзғі тасқын	74
Бас бәйге	92
Жаңбырлы түн	101
Намыс	120
Сыйлық	138

Бакыт Мустафии

Спасибо полю

(На казахском языке)

Редактор К. Байдиин

Художественный редактор А. Н. Байсеркесев

Технический редактор Т. И. Мозалевская

Корректор Ш. А. Жагыпарова

ИБ 2832

Теруге берілген күні 22.10.84. Басуға қол қойылған күні 28.01.85. УГ15006. Формат 70×100^{1/32}. Қағазы № 2
Гарнитурасы жаңа кәдімгі. Шығыңқы баспа. Шартты
баспа табагы 6,2. Есепке алынатын баспа табагы 6,1.
Шартты болулы оттисқілер 6,5. Тиражы 1500 дана.
Заказ № 1522. Бағасы 20 тиын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Қайнар» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Қоғын фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі 93.

ҚҰРМЕТТИ ОҚЫРМАН!

Өткен, 1984 жылы «Қайнар» баспасынан авторлар колективінің «Ауыл ардагерлері» жинағы жарық көрді.

Бұгынғі ауыл ардагерлері — кешегі колхоз құрылсының қызын кезеңдерінде және Ұлы Отан соғысының от жалынды қаш майданында шыңдалған әйгілі қаһарман жандар.

Кітапта олардың азаматтық жарқын бейнесі, адамгершілікке толы ізгі қасиеттері, үйымдастыруышылық іскерлік қабілеттері, жерге, елең деген гажап махаббаты әр қырынан тартымды баяндады. Кітапқа екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атагын алған, марқұм Нұрмолда Алдабергенов, өмірі Қазақ совет энциклопедиясында баяндалған Ериазар Сексенбаев, сонау отызыншы жылдардан колхоз председателі, Социалистік Еңбек Ері Цай Даң Хак, бар бақытын қазақ жерінен тапқаи, одактық дәрежедегі дербес пенсионер. Социалистік Еңбек Ері Петр Федорович Томаровский және басқа да колхоз құрылсы мен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өнегелі өмірі арқау болған.

Осы және баспаңың басқа да басылымдарын арнаулы кітап дүкендерінен сатып ала аласыздар. «Книга — почта» дүкесі арқылы заказбел алдыруга да болады. Оның Алматыдағы адресі:

*480015, Алматы, қаласы,
Жароков көшесі,
154а-7й*